

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БАРЫМЫЗ ДА, БАҒЫМЫЗ ДА – ТӘУЕЛСІЗДІК!

№149-150  
(4738)  
Сенбі  
14 желтоқсан  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҰЛТ ҚОРҒАНЫ – ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

6-БЕТ | АЙБЫН



## «ЕГЕМЕННІ» ЕЛДІК ЖОЛЫ

7-БЕТ | АҚПАРАТ АЙДЫНЫ



## АЗАТ ЗАМАНДЫ АҢСАҒАН...

8-9-БЕТТЕР | ТӘУЕЛСІЗДІК



## МИЛЛИОННАН АСА ТУРИСТ КЕЛДІ

2024 жылы Астанаға келген туристер бұрынғы жылдарға қарағанда 12 пайызға артты. Елордаға келген 1097413 адамның 261964-і немесе 23,9 пайызы – шетелдіктер.

Астанаға ең үлкен туристік ағын жаз айларында тіркелді. Мәселен, маусымда қалаға 757068 адам келсе, олардың саны шілдеде – 807219, тамызда 829627 адамға жетіп, бұл бір жылдағы ең жоғары көрсеткішке айналды.

Биыл Астана ірі халықаралық іс-шараларды өткізу алаңына айналды. Елордада «Automechanika Astana 2024», «Eurasian Book Fair», «Astana Half Marathon» халықаралық көрмелері, әйгілі дат актері Мадс Миккелсеннің қатысуымен «Comic Con» заманауи гик-мәдениет фестивалі, V Дүниежүзілік көшпенділер

ойындары, Димаш Құдайбергеннің концерті, «Epnactus World Cup 2024» студенттік кәсіпкерлік бойынша Epnactus әлем кубогі, грэпплингтен әлем чемпионаты және т. б. сияқты ірі іс-шаралар өтті. Қытайдағы қазақстандық туризм жылы аясында Астанада 6 ірі іс-шара ұйымдастырылды.

2024 жылғы 30 қазанда Visit Astana бренді әлемнің түкпір-түкпірінен туристік саланың 240-тан астам компаниясын біріктіретін Дүниежүзілік туристік альянстың (WTA) ресми мүшесі атанды.

## ТУРИСТІК ПОЙЫЗ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Кеше елордадан «Астана-Бурабай курорты» бағыты бойынша жаңа туристік электр пойызы сапарға шықты.



574 жолаушыға арналған пойыз жолаушыларды Астанадан Бурабайға аралық аядамасыз небәрі 2 сағат 26 минутта жеткізеді. Электр пойыз сейсенбі мен сәрсенбіден басқа күндері күн сайын қатынайды. Билет құны: «Нұрлы жол» станциясынан – 2770 теңге, «Астана» станциясынан – 2548

теңге. Пойыз вагондарының сырты «Бәйтерек», «Қазақ елі» монументі, «Нұр әлем» мұражайы бейнелерімен және Щучье-Бурабай курорттық аймағының көркем пейзаждарымен безендірілген. Вагондардың ішінде де Visit Astana және Visit Aqmola өңірлерінің туристік брендтері орналастырылған.

## Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді 16 желтоқсан – еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – халқымыздың басты құндылығы әрі зор байлығы. Ынтымағымыз бен бірлігіміздің арқасында тәуелсіздік жылдары үлкен жетістіктерге қол жеткіздік.

Мемлекет басшысы атап өткендей, негізгі миссиямыз – қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсарту.

Еліміз сенімді түрде алға ұмтылып келеді: экономикамыз модернизацияланып, әлеуметтік инфрақұрылым жақсарып келеді, сол сияқты мектептер, ауруханалар, жаңа кәсіпорындар салынып жатыр. Әсіресе, жұмыс орындарын ашу, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар ерекше маңызды.

Мереке құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



Төлен ТІЛЕУБАЙ

**КЕЛЕШЕГІ ЗОР  
СТАРТАПТАР**

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, Орталық жанынан Tomorrow School және Tumo Education мектептері ашылады. Мұнда жыл сайын мыңнан астам оқушыға бағдарламалау машықтарын, роботты техниканы және басқа да креативті технологияларды үйрету, сондай-ақ жоғары білікті 1000 маман даярлау жоспарланып отыр. Alem.ai халықаралық орталығы стартаптар акселерациясы және зерттеу жобаларын қолдауға арналған кампус ретінде қызмет көрсетеді.

Президентке инкубация және акселерация бағдарламаларына қатысып жатқан, келешегі зор отандық стартап жобалар мен компаниялар туралы ақпарат берілді. Олардың арасында тұтынушылармен байланысқа арналған дыбысты роботтарды әзірлеуге және енгізуге маманданған Cybernet.ai, иммунды терапия және диагностика салаларындағы күрделі міндеттерді шешуге өз үлесін қосуға ниетті ArlanBiotech компаниялары бар. Ал перспективасы зор тағы бір стартап – Higgsfield AI ғалымдар мен инженерлерге күрделі компьютерлік модельдерді үйретуге көмектесетін озық жүйені ойлап тапты.

**IT-ИНДУСТРИЯ  
ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ  
КЕҢСЕЛЕРІ АШЫЛАДЫ**

Мемлекет басшысына Tik-Tok және Netracker компанияларының еліміздегі қызметі туралы баяндалды. Салық жеңілдіктері, визалық қолдау және басқа да қолайлы шарттардың нәтижесінде шетелдік компаниялар мен IT-мамандар Astana Hub экожүйесінің қатарына қосылуда. Қазіргі кезде ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесе жүргізіп, жаңа өнімдер әзірлеу мақсатында елімізде Telegram, TON, Tether, Google, EPAM және басқа да әлемдік IT-индустрия өкілдіктерінің кеңселерін ашу үшін келіссөздер жүргізіліп жатыр.

**БІЛІМ МЕН ИННОВАЦИЯҒА  
НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКА  
ҚҰРАМЫЗ**

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласындағы отандық өнімдерді тамашалады. Олардың арасында кен орындарының цифрлық телнұсқасы, дрондарды басқару және өндіріске арналған робот-ит секілді индустриялық шешімдер бар.

Президентке мемлекеттік қызмет көрсету барысында қолданылатын жасанды интеллект технологияларының үлгілері таныстырылды. Сондай-ақ АІТУ экожүйесінің мүмкіндіктері, Nazarbayev University жанынан құрылған Жасанды интеллект институтының (ISSAI) жобалары – KazLLM алғашқы қазақ тілі моделі мен SoyleApp көпфункционалды қосымшасы туралы баяндалды. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жасанды интеллект саласын дамытуға қатысты



## ҚАЗАҚСТАН ЕУРАЗИЯДАҒЫ ІРІ ЦИФРЛЫҚ ХАБҚА АЙНАЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Astana Hub инновациялық экожүйесіне барды. Президентке Nur Alem сферасында орналасатын Alem.ai жасанды интеллект орталығының тұжырымдамасы таныстырылды.

ойымен бөлісіп, Қазақстанның IT сектордағы әлеуеті зор екенін атап өтті.

«Білім мен инновацияға негізделген экономика құру қажет. Технологиялық және экономикалық тұрғыдан озық ел болу үшін, ең алдымен, адам капиталы,

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘРТЕБЕ  
БЕРУ КЕРЕК**

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында Ұлттық жасанды интеллект орталығын құру туралы бастама көтергенін еске салды. Қасым-Жомарт

зертханалар, бағдарламалау мектебі және халықаралық технологиялық компаниялардың кеңселері орналасады. Astana Hub пен Alem.ai нағыз инновациялар фабрикасына айналуға тиіс. Ол үшін халықаралық серіктестерді тартқан барын.



цифрландыру және жасанды интеллект саласын дамытуға баса мән беру маңызды. Қазіргі заманда онсыз болмайды. Себебі қазір күллі әлем жұртшылығы цифрлық әлемде өмір сүріп жатыр деуге болады. Сарапшылардың айтуынша, жасанды интеллект технологиясының тиімділігі жыл өткен сайын арта түспек. Сондықтан алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Қазақстан Еуразиядағы аса ірі цифрлық хабқа айналуға тиіс. Цифрлық даму мәселесіне тың, жаңаша көзқараспен қарау қажет» деді Президент.

Тоқаев бұл идеяны одан әрі өрістетуді, яғни орталыққа халықаралық мәртебе беріп, оны аймақтағы жасанды интеллектті дамытатын басты институтқа айналдыруды ұсынды.

«Alem.ai халықаралық орталығы жасанды интеллект қозғалысының темірқазығына және Қазақстанның цифрлық трансформациясының символына айналуға тиіс. Бұл алаң еліміздегі ең мықты мамандардың басын қосып, әлемнің түкпір-түкпірінен таланттарды жинайды. Мұнда ғылыми және тәжірибелік-конструкторлық

Ғылыми зерттеулерге қолдау білдіріп, экономиканың басты бағыттарына, білім беру және әлеуметтік салаларға арналған шешімдер ойлап табу қажет» деді Президент.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев институционалдық орта қалыптастыру маңызды деп санайды. Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасы бойынша Үкімет Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдағанын айтты.

«Құрамына жетекші халықаралық сарапшылар кіретін Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құруды тапсырамын. Бұл қадам біздің институционалдық ортаны үздік әлемдік стандарттармен үйлестіруге мүмкіндік береді. Парламент депутаттары «Жасанды интеллект туралы» заң жобасына бастамашы болғаны мәлім. Заңды әзірлеу жұмысына мұқият қараған жөн. Нейрожелілер үлкен мүмкіндіктерге жол ашып қана қоймайды, сондай-ақ оның қауіп-қатері де бар. Мәселен, қазір жалған ақпарат таратып, қоғамдық пікір қалыптасты-

ру үшін ақ-қарасын ажырату қиын фейктер жиі жасалады. Сондықтан жасанды интеллектті жауапкершілікпен қолдану қағидаттарын, этикалық аспектілерін заң жүзінде бекіту керек. Сондай-ақ оның дамуы мен қолданылуы барысында ашықтықты, жариялылықты қамтамасыз ету қажет» деді Президент.

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ  
ДАМУ – БАСТЫ МІНДЕТ**

Мемлекет басшысы саланың инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде сөз қозғады. Өйткені ЖИ технологияларына заманауи есептеу қуаты керек. «Бүгінде әлемдік нарықта есептеу ресурстарының тапшылығы сезіледі. Алдағы уақытта оған қажеттілік арта түспек. Сондықтан Үкіметке дата-орталықтар салу үшін ірі халықаралық компанияларды тартуға, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің әлемдік стандарттарын енгізуге және мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған тиісті жағдай жасауды тапсырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ӨРШІЛ МАҚСАТҚА  
ҚАУҚАРЫМЫЗ ЖЕТЕДІ**

Тағы бір маңызды міндет – деректерді сапалы түрде цифрлық форматқа көшіру және жүйелеу. Үкіметке деректер жиынтығын қалыптастыру бағытында шара қабылдау тапсырылды. Ол мемлекеттің, бизнестің және ЖИ-ға қызығушылығы зор азаматтардың жасанды интеллект модельдерін ойлап табуына, білім алуына және дамуына жол ашады.

«Бұл салада тыңғылықты атқарылған істің бір мысалы – KazLLM тіл моделі. Біз жасанды интеллектті қазақша ойлауға, сараптауға және сөйлеуге

үйреттік. Бұл айтарлықтай жетістік қазақ тілін цифрлық ортада дамыту үшін зор мүмкіндік береді. Басталған үлкен істі жалғастыру керек. Алдымызда түрлі сипаттағы деректерді бір мезетте қолдана алатын қазақ тілінің мультимодальды тілдік моделін жасау міндеті тұр. Үкіметке осы бағыттағы жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтауды тапсырамын» деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың жасанды интеллект саласындағы сауатын ашып, біліктілігін арттыру қажет екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бес жыл ішінде 1 миллион адамды жасанды интеллект дағдыларына үйрету міндетіне ерекше көңіл бөлген жөн. Оқушыларға, студенттерге, мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлерге арналған бағдарламаға барынша қолдау көрсетілуге тиіс.

«ЖИ технологиялары саласындағы отандық және халықаралық білім беру бағдарламалары еліміздің кадрлық әлеуетін арттыруға үлес қоса алады. Үкіметке жасанды интеллект бағытында маман даярлауға арналған AI-Sana бағдарламасын кезең-кезеңімен жүзеге асыру мәселесін қарастыруды тапсырамын. Аталған бағдарлама оқу, зерттеу және стартаптарды әзірлеу үдерістері тоғысатын динамикалық экожүйені қалыптастыруға ықпал етуге тиіс. Әлемнің жетекші университеттерінің акселерация тәжірибесін қолданған дұрыс. Жасанды интеллекттің пайдасын Қазақстанның әрбір тұрғыны білуі керек. Оның не үшін қажет екенін, қалай дұрыс қолданылатынын ыждаһаттықпен түсіндірген жөн» деді Президент.

Үкіметке азаматтардың жасанды интеллектті күнделікті қолдануына арналған механизмдерді енгізу шараларын қабылдау міндеті жүктелді.

«Қазақстанның инновация мен озық технологияны дамыту ісінде көш бастауға мол мүмкіндігі бар. Цифрландыру және жасанды интеллектті кеңінен енгізу еліміздің қарыштап дамуына көпіл болуға тиіс. Мұндай өршіл мақсатқа қол жеткізуге қауқарымыз жетеді. Мен оған сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.





## ЕКІЖАҚТЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесті.

Мемлекет басшысы Федерация Кеңесі төрағасының сапары парламентаралық байланысты нығайту тұрғысынан ғана емес, Қазақстан мен Ресейдің көпжоспарлы стратегиялық серіктестігін барлық бағытта одан әрі арттыру үшін маңызды екенін айтты.

«Мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келеді. Жақында біздің елімізге Владимир Владимирович Путин мемлекеттік сапар жасады. Бұл стратегиялық серіктестікті, екі ел арасындағы одақтастықты дамытуға тың серпін берді. Мен екіжақты ықпалдастықтың болашағы зор деп ойлаймын» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың

айтуынша, бұл үдерісте парламентаралық дипломатия айрықша рөлге ие. Президент депутаттар Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты ілгерілетуге айтарлықтай үлес қосады деп санайды.

Өз кезегінде Валентина Матвиенко қоңақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, Қазақстанға зор ықыласпен және парламенттік үлкен делегацияны бастап келгенін айтты. Ол Ресей Президентінің сәлемін жеткізіп, Владимир Путин Астанаға жасаған сапарының қорытындысын жоғары бағалағанын атап өтті.

«Ресей Президентінің Қазақстанға сапары өте табыс-

ты әрі нәтижелі болды. Ең бастысы, өзара тиімді және құрметке негізделген біздің ынтымақтастығымыздың қарқыны артып келеді. Қазақстан мен Ресей президенттерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында екіжақты қарым-қатынас бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Тауар айналымы, инвестиция, өндірістегі ірі жобалар, энергетика, ауыл шаруашылығы секілді қай саланы алып қарасақ та, екі ел арасындағы берік стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың нағыз үлгісін көреміз» деді Валентина Матвиенко.

Кездесуде сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

## ТМД ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мәскеуде Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің үкіметтері басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Іс-шара Н.Э.Бауман атындағы ММТУ алаңында өтті, онда делегация мүшелеріне Ресей жоғары оқу орындарында оқитын ТМД елдері студенттерінің инженерлік жобалары мен ғылыми әзірлемелері таныстырылды. Кеңес отырысына ТМД-ға мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев қатысты.

Жиында сауда-экономикалық кооперацияны нығайту, көлік дәліздерін дамыту және жеткізілім көлемін ұлғайту, қоршаған ортаны сақтау, мәдени-гуманитарлық байланыстарды арттыру және ғылыми әлеуетті іске асыру мәселелері қаралды. Кеңес отырысында сөз сөйлеген Премьер-министр Олжас Бектенов Қазақстанның сыртқы саудасының төрттен бір бөлігі ТМД елдері нарығына тиесілі екеніне тоқталды. Осыған байланысты кедергілерді жүйелі түрде анықтау және жою қажеттілігі туындап отыр. Олжас Бектенов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Достастық жәрмеңкесі» мемлекетаралық бағдарламасын құру ТМД елдері арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Көлік дәліздерін кеңейту сауда-экономикалық кооперацияны дамытудың маңызды факторы саналады. Олжас Бектенов ТМД-ға трансқұрылықтың көлік ағындарында,

атап айтқанда «Батыс – Шығыс» және «Солтүстік – Оңтүстік» бағыттарында алатын орны ерекше екеніне тоқталды. Қазақстан тарапы әзірлеген ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасы 2024 жылдың қазан айында ТМД-ның атқару комитетіне жолданды. Аталған жоба достастық елдерінің көлік өткізу мүмкіндігін арттыруға серпін береді.

Олжас Бектенов экология саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесіне ерекше назар аударды. Климаттық сын-қатерлердің алдын алу және олардың салдарын жою аймақтық және жаһандық тұрақты дамуға ықпал етеді. «Алтай» трансшекаралық биосфералық резерваты бірегей табиғи экосистемелерді сақтау бойынша өңірлік табысты кооперацияның мысалы бола алады. Ол «Қатонқарағай ұлттық табиғи паркі» және «Қатун биосфералық қорығы» базасында Қазақстан мен Ресейдің бірлескен күш-жігерінің арқа-

сында құрылды. 2017 жылы ол Азиядағы алғашқы бірлескен резерват болып, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік биосфералық резерваттар желісіне қосылды. Бүгінгі таңда осы бірегей жоба негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, конференциялар өтіп, бірігіп істеу және тәжірибе алмасу жолға қойылған. Осылайша, Алтайда ерекше қорғалатын аумақтар базасында табиғи құндылықтарды сақтау саласындағы трансшекаралық ынтымақтастықтың бірегей моделі пысықталды» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Басқосудың қорытындысы бойынша бірқатар құжатқа, оның ішінде азаматтық кеме жасау мен кеме жинақтаушы жабдықтарын өндіруді дамытудағы, көлік кешенін цифрлық трансформациялау саласындағы ынтымақтастық туралы және басқа да құжаттарға қол қойылды. ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің келесі отырысы 2025 жылдың мамыр айында Душанбе қаласында өтеді.

## ЗАУЫТ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысына жұмыс сапары «Талдықорған» индустриялық аймағында орналасқан «ASMA INDUSTRIAL» өндірістік аккумулятор шығару зауытының жұмысымен танысудан басталды.

Құны 8,5 миллиард теңгені құрайтын жоба былтыр қолға алынып, алдымен ғимараты жаңартылған. Бюджет қаражатына электр жабдықтары орнатылып, көріз және газ-

өндірістік аккумулятор батареялары шығарылады.

Мемлекет басшысына баяндалған мәліметтерге сәйкес, зауыт толық қуатына шыққанда 180 жұмыс орны құрылып,

сепаратор мен полипропиленді Қытайдан импорттайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесіп, еліміздегі өндірістің рөлі туралы айтты.



дандыру желілері тартылған. Аумағы 14,3 гектар болатын зауыт биылғы 6 желтоқсан күні іске қосылды.

Президентке өндіріс орнын таныстырған «ASMA INDUSTRIAL» ЖШС құрылтайшысы әрі зауыт директоры Серікбай Ажмағамбетовтің айтуынша, мұнда мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібінде, телекоммуникацияда, теміржол саласында, сондай-ақ «жасыл» энергетикада үздіксіз энергия көзі ретінде қолданылатын

жылына 210 мың аккумулятор өндіреді. Дайындалған өнімнің 60 пайызын ТМД және Балтық елдеріне экспорттап, қалған 40 пайызын отандық нарықта сатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ іске қосылған алғашқы жылы бюджетке 500 миллион теңгеден астам салық төлейді. Зауытқа қажетті шикізаттың басым бөлігі Қазақстан кәсіпорындарынан сатып алынады. Атап айтқанда, «Қазцинк» ЖШС-тен қорғасын, «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» АҚ-дан күкірт қышқылын алса,

«Мемлекет мықты болсын десек, ең алдымен, өңірлеріміз қуатты болуы керек. Өндірісі дамыған елге айналу үшін осы салаға көңіл бөліп отырмыз. Стратегиялық маңызы бар Жетісу облысына ерекше назар аударамыз» деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы облыстағы кәсіпорындардың жетекшілерімен кездесіп, пікір алмасты. Сондай-ақ отандық бизнесті қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты екенін атап өтті.



## МЕКТЕПКЕ АВТОБУС СЫЙЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Талдықорған қаласының іргесіндегі Ынтымақ ауылында биыл пайдалануға берілген №30 мектепті аралап көрді.

1200 оқушыға есептелген білім ошағының құрылысы жергілікті бюджеттің және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен қаржыландырылған. Заманауи үлгіде жабдықталған мектепте 77 оқу кабинеті, мультимедиа сыныптары, спорт, гимнастика, мәжіліс

пен кітапхана залдары, ағаш, металл және тігін шеберханалары бар.

Президент жаңа оқу ордасын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы мектепке автобус сыйға тартты. Жалпы, биыл Жетісу облысында 3 жаңа мектеп ашылған. Оның ішінде

екеуі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынды. Атап айтқанда, Панфилов ауданының Жаркент қаласында 1200 орындық, Көксу ауданының Қаратал ауылында шағын жинақты мектеп пайдалануға берілді. Қазіргі кезде облыс бойынша 5 білім ошағының құрылысы жүргізіліп жатыр.

## ЖАҢА БАСПАНА АЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қызылордада 500-ден астам отбасы жаңа баспанаға ие болды.

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында жаңа пәтерлер кілтін табыс-

тау рәсіміне қатысты. Сырдарияның сол жағалауында баспана кезегінде тұрған отбасыларға арнап салынған жеті қабатты 6 үй пайдала-

нуға берілді. Жаңа пәтер кілтін алғандар қатарында көпбалалы отбасылар да бар. Мәселен, Әсия Есенбекова 5 жыл пәтер кезегінде тұрған.

№149-150 (4738) 14/12/2024 Сенбі

## КӨНЕ АСПАПТАРДЫ ЖАҢҒЫРТАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов елорда шеберлерінің ұлттық музыкалық аспаптарды жасау және қалпына келтіру шеберханасының жұмысымен танысты.

Шеберхана «Біріккен музейлер дирекциясы» жанындағы «Ұлттық өнер музейі» бөлімшесінің құрамына кіреді. Шеберхана қызметкерлері Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауда үлкен рөл атқарады, сазсырнай, сыбызғы, керней, бұғышақ, адырна, шертер және басқа да бірегей музыкалық аспаптарды қалпына келтіріп, қайта жасаумен айналысады.

«Шеберхана аспаптарды реставрациялаумен ғана шектелмей, кинематография саласына арнайы тапсырыстар әзірлейді, бұл өз кезегінде мәдени және өнер жобаларына ерекше ұлттық рең береді. Шеберхана заманауи станоктармен және арнайы құрал-жабдықтармен жабдықталған, бұл – депутаттық корпус қолдауының нәтижесі» деді Е.Каналимов.



## ТІЛ – ЕЛДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ

Астана қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен «Бәйтерек» бизнес-орталығында «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» атты мерекелік кеш өтті.



### Шапағат ӘБДІР

Ана тілінің мәртебесін көтеріп, тәуелсіздік ұғымының рухани және мәдени мәнін тереңірек түсіндіруді мақ

сат еткен кеш ұлттық үлгідегі мәдени іс-шаралармен ашылып, айшықталды. «Жошы» этно-фольклорлық ансамблінің орындауында көрерменге қазақ әуендері мен ұлттық музыкалық аспаптар ұсынылды. Көрермен тәуел-

сіздіктің қасиетті құндылықтары туралы тебіреністі әндерді тыңдап, рухтанып отырды. «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында ақпараттық бейнесюжет көрсетілді. Сондай-ақ келушілер қолына қыран бүркіт пен құмай тазы ұстаған батырлармен және садақшы қыздармен суретке түсіп, қазақ халқының бай мұрасымен танысты. Кеш соңында еліміздің тіл саясаты мен мәдениетіне елеулі үлес қосқан азаматтар марапатталып, оларға арнайы сертификат пен алғыс хат табысталды.

– Адамзаттың ең басты байлығы, қарым-қатынас құралы, ұлт мәдениетінің, тарихының, салт-дәстүрінің негізі, ұлттың болашағын қалыптастыратын да – тіл. Халқымыз үшін өз тілін сақтау – тәуелсіздігін және ұлттық бірегейлігін сақтау деген сөз. Қазақ тілінде сөйлесем, өзімді туған жеріме, мәдениетіме және халқымның тарихына жақын сезінемін. Сондықтан тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, рухани болмысымыздың бір бөлігі, – дейді қатысушы Нұртай Алтайұлы.

## Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Сіздерді арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – біздің еркіндігіміздің, қайсарлығымыз бен бірлігіміздің символы, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арман-тілегінің орындалуының айғағы. 1991 жылғы 16 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, еліміздің жаңа тарихының жарқын беті ашылды.

Халқымыздың еңбегі мен ынтымағының арқасында жеткен жетістіктерімізді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздік – бұл тек еркіндік белгісі ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік. Осы асыл құндылықты сақтау және дамыту – баршамыздың ортақ парызымыз. Әр шаңыраққа амандық, бақ-береке және табыс тілеймін. Еліміздің көгінде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылықтың нышаны орнасын!

Ізгі ниетпен, Астана қаласы мәслихатының төрағасы  
Ерлан КАНАЛИМОВ

## ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙ

Елордада Жастар сарайының 50 жылдығына арналған «Жастардың мерейтойы» атты салтанатты іс-шара өтті. Мерейтой аясында сарайдың танымал әртістері мен шығармашылық ұжымдарының қатысуымен ауқымды концерт ұйымдастырылды.



Мерейтойлық кеште еліміздің көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлері, елордалық мәслихат депутаттары, сарай ардагерлері, сондай-ақ жастар ұйымдарының өкілдері жиналды. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов сарай ұжымын және елорда тұрғындарын мерейтойымен құттықтады.

«Бүгінгі таңда Жастар сарайы – жастардың шығармашылық және спорттық әлеуетін дамытуға бағытталған заманауи кешен. Ол жастарды шабыттандырып, олардың рухани дамуына ықпал ете отырып, Астананың мәдени және қоғамдық өмірінің ажырама бөлігіне айналды. Жылдар ішінде сарай ұжымы өзінің кәсібилігі, белсенділігі мен адалдығының арқасында

көптеген жетістікке жетті. Жастар сарайы алдағы уақытта да халқымыздың мәдени мұрасын насихаттайтынына, жаңа биіктерге жететініне, жастарды шабыттандыратынына және еліміздің жарқын болашағын қалыптастыруға үлес қосатынына сенімдімін» деп атап өтті Ерлан Каналимов.

Мерекелік кеш «Астана» эстрадалық-симфониялық оркестрінің, «Тера» би театрының, «Жігер» эстрадалық-джаз ансамблінің және басқа да әртістердің қойылымдарымен көркемделе түсті. Сондай-ақ тарихи құжаттарға, естеліктерге және мәдени жетістіктерге арналған көрме ұйымдастырылды. Бағдарлама соңында 50 жылдық мерейтойға орай Жастар сарайының әнұраны шырқалды.

### Астана қаласы мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау Астана қаласы округ сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Арнайы уақытша шоттарға (сайлау қорына) қаражаттың түсуі туралы есеп

1. Мәслихат депутаттығына кандидат Разбекова Ляззат Мұратқызы, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы.

Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 07 желтоқсандағы күннің соңындағы жағдай бойынша 81 000 (сексен бір мың) теңгені құрайды.

р/с	Қабылдау күні	Сомасы (теңге)	Табыс көзі Т.А.Ә.	Қабылдауды растайтын құжаттар
1	2	3	4	5
<b>1. МЕНШІК ҚАРАЖАТТАР</b>				
1.	07.12.2024	56 000	РАЗБЕКОВА ЛЯЗЗАТ МҰРАТҚЫЗЫ	Төлем тәртібі №9С269802300
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		56 000		

2. Мәслихат депутаттығына кандидат Разинков Александр Александрович, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы.

Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 09 желтоқсандағы күннің соңындағы жағдай бойынша 439 000 (төрт жүз отыз тоғыз мың) теңгені құрайды.

р/с	Қабылдау күні	Сомасы (теңге)	Табыс көзі Т.А.Ә.	Қабылдауды растайтын құжаттар
1	2	3	4	5
<b>1. МЕНШІК ҚАРАЖАТТАР</b>				
1.	06.12.2024	58 000	РАЗИНКОВ АЛЕКСАНДР АЛЕКСАНДРОВИЧ	Төлем тәртібі меншік қаражатынан арнайы кандидат шотына аударылды №9С269656413
2.	06.12.2024	1 000		Төлем тәртібі меншік қаражатынан арнайы кандидат шотына аударылды 9С269656413
3.	06.12.2024	20 000		Төлем тәртібі меншік қаражатынан арнайы кандидат шотына аударылды 9С269662386
4.	06.12.2024	210 000		Клиенттің бір банктегі ағымдағы шотынан ақша аударуы басқа банктегі ағымдағы шотыңызға, мәслихат депутаттығына кандидаттың арнайы шотыңызға жеке қаражатыңызды аудару. Қолма-қол ақшасыз аударым.
5.	06.12.2024	150 000		Төлем тәртібі меншік қаражатынан арнайы кандидат шотына аударылды 9С269747256
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		439 000		

Астана қаласы № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі

### Астана қаласы мәслихатының № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау Астана қаласы округ сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Сайлау қорынан қаражаттың жұмсалуды туралы есеп

1. Мәслихат депутаттығына кандидат Разинков Александр Александрович, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана қалалық филиалы.

Сайлау қорының жалпы сомасы 2024 жылғы 09 желтоқсандағы күннің соңындағы жағдай бойынша 1 000 (бір мың) теңгені құрайды.

р/с	Шығындар күні	Сом (теңге)	Шығын бағытының коды	Қаражат жұмсалған іс-шаралар	Қаражаттың жұмсалғанын растайтын құжаттар (төлем құжатының нөмірі мен күні)	Шоттан ақшаны аударудың себебі
1	2	3	4	5	6	7
Шығындар бағытының коды 03 «Баспа, аудиовизуалды және материалдарын өндіруге және (немесе) таратуға арналған шығыстар»						
1.	06.12.2024	58 000	03	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер	Төлем тәртібі № 4 27.11.2024 ж.	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер
2.	06.12.2024	30 000	03	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер	Төлем тәртібі мобилографқа № 5 27.11.2024 ж.	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер
3.	06.12.2024	200 000	03	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер	Төлем тәртібі мобилографқа № 6 03.12.2024 ж.	Баспа қызметтері кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>288 000</b>				
Шығыстар бағытының коды 05 «Сайлауалды үгіт жүргізуге байланысты кандидаттардың, олардың сенім білдірілген және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының жол жүру және іссапар шығындарын өтеуге арналған шығыстар»						
4.	06.12.2024	150 000	05	Лизинг бойынша төлемдер	№ 1 15.11.2024 ж. шарт бойынша сайлау штабы үшін үй-жайды жалға алғаны үшін	Лизинг бойынша төлемдер, жалға алған үшін
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>150 000</b>				
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>438 000</b>				

Астана қаласы № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі

**Ж**ұмыр жердегі қай халық үшін де азаттықтан асқан ұлы ұғым, тәуелсіздіктен биік тұғыр жоқ. Олай болса Күлтегін бабадан қалған күміс ердей болып жеткен ұлттық тәуелсіздігіміз – біз үшін де қашанда киелі, өте құнды, қашанда мәртебесі жоғары асыл қазына.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үлкенді-кішілі басқосу жиындарында ел тәуелсіздігінің мәні мен мәртебесі жайлы аз айтып жүрген жоқ. Соның бірі биыл 15 наурызда қасиетті Ақ Жайықтың жағасында өткен Ұлттық құрылтай жиынында тағы да тәуелсіздік туралы орамды ойын ортаға сала келе, «Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз» деген ордалы ойын осылай түйіндеген еді.

Ал бүгінде ұрпағын тербеткен ұлт тәуелсіздігі ұлтымыздың алтын бесігіне айналды. Ұлт тәуелсіздігі көпұлтты халқымыздың ең қастерлі, ең қасиетті, баға жетпес биігіне көтерілді. Өйткені ұлт тәуелсіздігі – бар қазақтың кие қонған Тәңіртауы.

Елдің еңсесін көтерген тәуелсіздік – киелі Алатаудың рухын биіктетті, Сарыарқаның сары даласын гүлдендірді, ару Алтайды асқақтатты, Алты Алаштың тұтқасы болған Түркістан түледі, жер жәннаты Жетісу жадырады, көрікті Көкшені құлпытты, тарихы терең Тараз ғасырлар қойнауынан жағалы жұртымен табысты, ел бірлігінің ұйытқысы болған Ұлытау мен ордалы Ордабасыны шынар шыңға көтерді, қарт Семей бар қазаққа азап болған ядролық жарылыстардан құтылды, ұмыт болған Сарайшық көненің көзіндей ұрпағымен қауышты, барда болған Баянауылдың базары тарқамады. Осылайша, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды, қазақ халқы асыққанына жетіп, аңсағанын көрді, өткенінің өкінішін жуып, тарихтың қателігін жөнге келтірген ғаламат іс атқарды. Ұлт тарихының жаңа беттерінің жылнамасы жаңа дәуірде тасқа басқан таңбадай жазыла бастады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні – мемлекетіміздің мызғымас беріктігін, шайқалмас шаңырағының биіктігін дәлелдейтін ұлы күн. Қай халық үшін де азаттықтан артық ұлы ұғым, тәуелсіздіктен биік тұғыр жоқ. Олай болса тәуелсіздік – біз үшін қашанда киелі құндылық. Сондықтан да тәуелсіздікпен бірге тыныстаған біздің егемен еліміз осы артта қалған 33 жылда ішкі және сыртқы саясатымызды, елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті, рухы биік руханият пен қажырлы еңбек үлгісін қалыптастырды. Төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабаларымыздың аманат мұратын қайта жаңғырттық, үзілген жіпті жалғадық.

Ал Алты Алаштың ардақтысы, ұлтының еркіндігін жан дүниесімен аңсаған Әлихан Бөкейханов өз заманында көңілі дархан, мұны шалқар халқына арнап «Тірі болсақ – алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде, бөлек мемлекет болар» деген екен. Дөңгелеген дүние Алаштың арысы армандаған сол күнді ұрпағына көрсетті.

Міне, осы бергені мол жылдары қазақ халқы – мырза Күннің шуағымен нұрланып, тал бесіктей тербелген тәуелсіздігінің бетінен қақпай белін буды, қабағын түсірмей маңдайын ашты, табанын ауыртпай қадамын нықтады. Өйткені тәңір сыйлаған тәуелсіздіктің құны терең, бағасы қымбат. Оның ұлы қасиеті де сонда. Бүгінде бес қаруын беліне бекем байлап, бейбітшілік пен ынтымақтың ақ туын көтерген Қазақстан әлем халықтарының назарын өзіне еріксіз қаратып отыр. Оның басында бейбіт өмірді жақтаудың белсенді күрескері атанып, заманауи саясаттың тұтқасына айналып отырған басты қадам ел ішіндегі татулық пен ынтымақтың арқасы екені ақиқат. Өйткені бұл ата-баба үнімен жеткен тәуелсіздік – бұл жеті атасын жете білген текті ұрпақтың ғасырлар бойы күткен еркіндігі.

Біз осылайша өркениет әлеміне егемендігін паш еткен еркін елге айналдық. Арта қалған жылдарда өркендедік, өстік, ұлттық санымыз артып, елін

Азаттық деген – асыл сөз, тәуелсіздік деген – тәтті ұғым. Бұл – кешегі күн-түн қатып, еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, ұлтарактай жер үшін ат үстінен түспеген батыр бабалардан қалған банадүр сөз. Біз ғасырлар бойы аңсап, азаттығына қолы жеткен, арман-мұраты ізгілікпен өрілген қазақ деген байтақ елміз, дария көңіл дана халық ұрпағымыз. Міне, сол тұйықтың түндігін ашқан тәуелсіздік – бүгінде халқымызға тәңір сыйлаған құт-берекеге жұғысты болып отырғаны дәуір шындығы. Ал Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні – мемлекетіміздің мызғымас беріктігі мен тұтастығын, татулығы мен шайқалмас шаңырағының биіктігін дәлелдейтін ұлы күн.

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТИ ҰҒЫМ



өрге жетелеген мемлекеттің сарабал саясатының арқасында адымдап алға жүрдік. Шығыстан атар тәуелсіздіктің әрбір шұғылалы таңын тағатсыздана күттік. Енді, міне, сол жас мемлекеттің алдында тәуелсіздік сыйлаған даңғыл да дара жол жатыр. Ол жолдан өту үшін алдымызда алуан асудан асу, кедергілі өткелден өту міндеттері тұр. Ал ғасырлар бойы ұлттымен мәңгі бірге жасасып келе жатқан ғажайып салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыздың кешегі кеңес өкіметі тұсындағы солақай саясаттың салдарынан ел болашағына бұғау, ұлт келешегіне кедергі болған жағдайы жасырын емес. Бірақ тәуелсіздік таңы ұлттымыздың аса бай рухани құндылықтарын ортамызға қайта жаңғырттып әкелді. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз сияқты мерекесімен қауышқан халқының қабағы ашылып, күлкісі түзелді.

Біз осындай қастерлі күні – кешегі кеңес заманында атынан ат үркетін Алаш арыстары, халқымыздың боздақ ұлдары, қысқа ғұмырын ел азаттығы үшін қиған Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Жанайдар Сәдуақасов пен Мұстафа Шоқай сияқты көптеген даналардың есімін еріксіз еске алуымыз керек. Арманда кеткен сол асылдарымыз, еркіндігін емірене жырлаған наркескен тұлғаларымыз көкпен таласқан күмбез көтеріп, көк байрағымызды көкке биіктетіп, аяғына қаз тұрған Қазақ елін, қазақ халқын көре алмай, арманда кетті. Ал бүгінде Қазақстанды төрткүл дүние таныды, оның бүгінгі мен ертеңі нұрлы, ұрпағы бақытты боларына ешкім күмән келтіре алмас.

Тәуелсіздік мерекесі аясында тарихымызды таратып, шежіремізді шертіп айтар мезгіл келді. Тегеуріні биік, тепкісі қатты заманда қатары сиреп, қабырғасы қайысқан халқымыз құдіреті күшті ана тілі мен қасиетті дінінен айырылып қала жаздаған сан қилы кезенді бастан өткізген. Бірақ белі майысса да беті ашық, қиындыққа

жолықса да жігері жарқын қазақ халқы – сәуелі ертеңіне, кемел келешегіне деген сенімін жоғалтпаған халық.

Тәуелсіз ғұмыр, тәуелсіздікпен өткен шежірелі 30 жылдан астам мезгіл бүгінгі Қазақстанның жаңа келбетін асқақтатып отыр. Осы жылдарда ел де, мемлекет те, ұлт та жаңғырып, қайта құлыпды. Арқаның қос бұрымындай өрілген ерке Есіл мен қарт Нұраның құйысқан тұсында Алты Алаштың кіндігіне айналған Ақ Ордасы орын тепті. Сарыдала төсінен айшықты «Қазақ елі» монументін қоршаған ғажайып Астана бой көтерді. Түбі бір түрік елінің ынтымағы мен бірлігі орайлы іске айналды.

Бүгінде ұлттық идеяға айналған татулық пен бірлік елімізді мекендейтін түрлі этнос өкілдерінің жүрегінен орын алды. Тілегі бір жұрттың ойы достыққа адал, ынтымаққа ынтызар, қонағына меймандос, жомарт пейіл қазақ халқына деген шынайы, риясыз көңіліне алғысын айтуда. Ал тәуелсіз жас қазақ мемлекетінің тарихы ғасырлар тұңғығынан бастау алады. Өйткені тәуелсіздік – батырлық пен жігердің, қайсарлық пен бірліктің, жыл құсымен жарысқан тегеурінділіктің жеңісі. Екі тізгін, бір шылбыры қолға тиген тәуелсіз Қазақстан сәулеті мен дәулеті толысқан мына заманда тай жарысынан оза шауып, су жорғадай сырғып, ауыздықпен таласқан аламан бәйгеде өзгенен бұрын жеңіс көмбесінен көрінді. Қиындықтан қиналмай, кедергілерді жеңе білді.

Ұлтты ұйыстырар тәуелсіздік атты дарияның бірнеше рухани көпірі бар. Тіл – бір көпір болса, сенім – бір көпір, ал тарих – алтын көпір. Сондықтан да осы тәуелсіздік жылдарында терең тамырымызға жаңа леп қосылып, сан оқиғалармен бөлінген тарихымызды бүтіндеуге ұмтылды, тілімізді желдің өтінен алып шықтық, сенімді жүрегімізге серік еттік. Осылайша, сынаптай сырғыған жылдар белесінде Ұлы даламызды асқақтаттық, тауларымызды биіктеттік. Өйткені қазақ халқы қай заманда да аяғы тұсаусыз, басы ноқтасыз ел болған. Қойдан қоңыр, жылқыдан торы мінезімен көрші елге көз алартпай, қоңсыға қол

жібермей, шошайған мылтық көрмесе шоқпарын бұрын көтермей, зындан қазып, түрме салмаған берекелі де бейбіт күн кешкен халық. Біз астарлы сөзді тереңнен ұққан, көсемі шешен, шешені би, датқасы дау шешкен, жетімін желеп, жесірін қаңғытпаған ұлы халықтың ұрпағымыз. Біз ата дәстүр жол болған, үлкеннің сөзі жөн болған, алтынды ұнтақ, асылды жұрнақ етпеген халықтың ұрпағымыз. Ал ұрпақтар сабақтастығының жібек жібін үзбей жалғаған Қазақстан бүгінде өркениетке өрлеп, құт-береке тұнған, ырыс-дәулеті шалқыған елге айналып отыр.

Еркін өмір, егемен тұрмыстың иелері бүгінгі ұрпақ, арғы бабалардың аманаты ретінде зарығып жеткен, мерейімізді өсіріп, мәртебемізді өрлеткен, болашақ буын келешек күндердің нәсібіне ұзағынан бұйырар тәуелсіздіктің киесін сыйлап, қадірін білуге, сол арқылы тарих алдындағы, ұлт пен ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді жете сезінуге тиіс. Сондықтан да тарихымызға бойлап, тегімізді іздеп, асылдарымызды аршып, ұлттық санаға шуақ түсіре бастағанымыз үшін ұлт тәуелсіздігіне үдіксіз тағзым етуіміз керек. Ал тәуелсіздіктің қоңыраулы керуенді көшіне сән беретін бірнеше жалпыұлттық қасиетінің де болары хақ. Солардың арасында еңбек дәстүрінің, еңбек құндылықтарының алар орны ерекше. Өйткені егеменді еліміздің әрбір саналы азаматы, оның ішінде көк құрақтай жайқалып өсіп келе жатқан жастарымыз өздерінің адал еңбегімен, шынайы көңілімен, таза пейілімен ғана туған Отанының қарыштап дамуына зор үлес қосады деп есептеймін. Сонда ғана қоғам өркендеп, еңбек пен еңбек адамының мәртебесі артары сөзсіз. Ал ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің осы жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында ұштағанды «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына аса үлкен көңіл бөлді. Бұл біздің қоғамды еңбекқорлыққа жетелеудің, отаншылдыққа баулуудың алғышарттарының бірегейі деп ұғынғанымыз абзал болар. Өйткені еселі еңбектің тәуелсіз қоғамның дамуына кепіл болары айқын.

Ұлы Конфуцийдің: «Егер адамның жанында тәртіп болса, онда отбасында тәртіп болады. Егер отбасында тәртіп болса, онда мемлекетте тәртіп болады. Егер мемлекетте тәртіп болса, онда әлем де орнында тұрады» деген терең ойы өз мағынасын бүгінде жоғалтқан жоқ. Өйткені қазақ қашанда тәртіптің елі болған. Кешегі алма-ғайып заманда да тәртіпті, оның ішінде тағалымызды тәртіп ұлтын орға, халқын жарға итермеген. Міне, сондықтан да тәуелсіздік – бастағы бақыттың бағасын байыптап білуге жетелейтін ұлағатты ұғым. Ал сол тәуелсіздікті баянды ету – саналы қоғамның басты мұраты. Сонымен қатар ұлт тәуелсіздігі ұғымын, оның тағалымы мен қастерлі қасиетін жастардың бойына сіңіруге үлкен көңіл бөлуіміз – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан да татулық пен бірлік, ынтымақ пен өзара келісім ұлт тәуелсіздігінің кепілі екенін ешуақытта естен шығармауымыз қажет. Кешегіні саралап, бүгінгінің баянды ісіне бастау болып отырған ұлтымыздың ұлық мерекесі жарқырай берсін, ағайын!

Қырғызәлі ТІЛЕУОВ,  
мемлекеттік қызмет ардагері,  
Астана қаласы



ЛЕБІЗ

### ҚҰРМЕТТІ АСТАНАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЕЛОРДА ҚОНАҚТАРЫ!

Баршаңызды 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне ие болғанымызға биыл 33 жыл толып отыр. Осындай мерейлі мерекеде еліміздің даму жолында аянбай еңбек етіп жүрген барша астаналықтар мен қазақстандықтарға тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Ел үшін атқарып жатқан еңбектеріңіз табысты болсын! Өркениет көшіне ілескен еліміз гүлденіп, көркейе берсін! Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымақ пен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болсын!

Құрметпен,  
Астана қаласы  
Қоғамдық кеңесінің  
төрағасы  
Зулфухар ҒАЙЫПОВ



### ҚҰРМЕТТІ АСТАНАЛЫҚТАР, ЕЛОРДА АРДАҒЕРЛЕРІ!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Біз сан ғасыр ата-бабаларға арман болған тәуелсіздіктің ақ таңының атқанын көрген, азат еліміздің қалыптасуы мен нығаюына үлес қосып келе жатқан бақытты ұрпақты. Бұл – бізге зор мақтаныш, абырой, бабалардан жеткен қасиетті аманат. Ұлы мерекеге орай зор денсаулық, мол бақыт, ынтымақ пен береке тілеймін! Мемлекетімізді одан әрі нығайту, еліміздің абыройы мен мерейін арттыру, халық игілігі жолындағы еңбектеріңіз табысты болсын!

Ізгі ниетпен,  
Астана қаласы  
Ардагерлер  
кеңесінің төрағасы  
Сансызбай ЕСІЛЮВ



№149-150 (4738) 14/12/2024 Сенбі

### «БҮРКІТ» АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ БӨЛІМШЕГЕ – 25 ЖЫЛ

Отан үшін мандайдан шыпшып шыққан адал тер, қайтпайтын қайсарлық, өр рух – ұландықтардың болмысына тән құбылыс.

2024 жылдың 3 желтоқсанында ҚР Ұлттық ұланының «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшесінің құрылғанына 25 жыл толды. Елордамыздағы 5573 әскери бөлімінің базасында БАҚ өкілдері үшін арнайы тур өтті. Мұндағы тәртіпке таңдай қақпаған қатысушы қалмады. Пышақтың қырындай жинақталған төсек орны, тіпті қыл түспеген айнадай жалтыраған еденнен сарбаздардың темірдей тәртіпке теңдей бағынатыны көрініп-ақ тұр.

Ұландықтарға әскери тәртіптен бөлек, жеке-жеке қызметтік міндеттер жүктеледі екен. Тағайындалған міндетке сәйкес бөлімшедегі тапсырмаларды орындайды. Тапсырмаға қару-жарақ жағдайын тексеру, тұрған орындарының тазалығын сақтау, әскери техникалармен жұмыс істеу секілді жұмыстар жатады. Генерал-майор Аян Әбдұғаниұлының мәлімдеуінше, әскери қалашықтағы әр рота бекітілген жоспарға сәйкес күнделікті қызметін атқарады.

Сарбаздар әр күн сайын қызметіне кірісер алдында 50 минут нұсқаулық сабақтан өтеді. Талапқа сәйкес, оқыту аясында үш түрлі ситуациялық сұраққа жауап беруге міндеттеледі. Нұсқаулық сабақ өткеннен соң, қоян-қолтық ұрысына дайындалады. Бұдан бөлек, әр сарбаздың жеке уақыты да болады. Бұл кезде сарбаз демалуға, қоғамдық жұмыстарды орындауға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік алады.

### «ТИГР»-дің ТІЛІН ТҮСІНУ ОҢАЙ ЕМЕС

5573 әскери бөлімінің командирі, генерал-майор Аян Есжанов журналистерді ұландықтардың материалдық-техникалық құралдарымен, «Үркер» тұрғын алабында орналасқан аумағы 21 гектарды құрайтын жедел бригаданың инфрақұрылымдық қалашығымен таныстырды. Мұнда «Урал-ВВ», «Урал-59095», «БТР-80», «СПАРТАК» және бірнеше броньды автомобильдер бар. БАҚ өкілдері «ТИГР» атты әскери техникасының басқарылу талабымен танысты. Сарбаздардың бұл атандай алып техниканы меңгеруі қиынға соғады. Сондықтан бөлімшеде техниканың электронды макеті орнатылған. Ерекшелігі де осында. Сарбаздың әрбір іс-қимылын нұсқаушы жігіт бақылап отырады. Тіпті, нұсқаушы макеттің ауа райын құбылтып, жыл мезгілін алмастырып отыра алады. Әскеридің жұмысы бейнебақылауға толық жазылады. Сарбаз жұмыс нәтижесіне сай өз бағасын алады.

Екі қабат броньдалған «Урал-ВВ» 15 адамдық жеке құрамды тасымалдайды. Жоғарғы бөлігінде 6 бірдей люк бар. Техниканың әрбір терезесінде автоматпен атуға арналған арнайы жабдық орнатылған. Олардың жалпы саны 13-ті құрайды. Барлық орындықтың астында жауынгердің қауіпсіздігін сақтайтын құрылғы мен белбеу бар. Техника қандай да бір жарылғыш затты басып кеткен жағдайда осы құрылғылар сарбаздың денсаулығына зиян келмеуіне себепкер болады.

«БТР-80» техникасы 2012 жылы құрастырылыпты. Бұл техника әскерилер үшін аса маңызды. «БТР-80» шайқас болып жатқан жерге оқ-дәрілер мен қару-жарақ жеткізуге, шабуылдауға және жарылғыш заттардан қорғауға арналған. Сонымен қатар, техникада орналасқан пулеметтері бар. Оның ішінде 3 экипаж адам болады. Санамалап айтсақ, бірі-механик – жүргізушісі, екіншісі – командир, ал үшіншісі – пулеметші.



# ҰЛТ ҚОРҒАНЫ – ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

Отан тыныштығы қашанда бірінші орында. Бұл ретте әскери қызметкерлердің еңбегі өлшеусіз. Сарбаздар ел ішіндегі көнекөз қариялардың келешекке күдіксіз зер салып, анасы баласының болашағына уайымсыз қарауы үшін аянбай қызмет етуде. Әскери адамдардың өмірі кімге болсын қызық. Халықтың қорғаны болған сарбаздар таңертең нешеде тұрады, қандай ас ішеді, қандай оқу-жаттығудан өтеді? Күн демей, түн демей қала тәртібін күзеткен Ұлттық ұлан әскерлерінің тыныс-тіршілігін көріп, бір күндік өмірін біз де бастан кешіп қайттық.

### 10-РОТА САҚАДАЙ САЙ

Әскери техникалармен танысқан соң казармадағы көлік жуу орнына бардық. Мұнда барлық жағдай жасалған, қаладағы көлік жуу орталықтарынан ешбір айырмашылығы жоқ.

«10-ротаның казармасында 100-ге жуық сарбаздың жататын орны бар. Мұнда тұрған киімдер елордадағы тәртіпті күзетуге шығатын солдаттардың арнайы киімдері тұр. Әрбір әскери қызметшінің жеке дабыл сөмкесі болады. Казармада тұрмыстық қызмет көрсету бөлмесі, спорт сабақтарына арналған орын және оқыту залы бар. Бейнебақылау камералары да орнатылған. Солдаттардың күнделікті қызметінің атқарылуын командирлер мен бөлім кезекшілері камерадан бақылап отырады» дейді генерал-майор Аян Есжанов.

Елорда көшелерінде сарбаздар тәулік бойы қала тәртібін қадағалайды. Ұландықтар осы бөлімшеде әскери дағдыларды үйренеді.

«Қаладағы патрульдер кез келген төтенше жағдайға дайын болуы тиіс. Мұндай дағдыны меңгеру үшін сарбаздар әуелі 30 күн нұсқаулық сабақтан өтеді. ҚР заңдарымен қатар жауынгерлік қызметке дайындалады, қоян-қолтық жаттығу шайқастарынан өтеді» деді подполковник Амангелді Омаров.



### ИІСІЛ ИТТЕРДІҢ КӨМЕГІ КӨП

Қонақтар кинологиялық қалашықта қызметтік иттермен танысты. Қатысушы жарылғыш құралды арнайы техникалық көлікке орнатты. Әскери иттер әп-сәтте жарылғышты тапты. Оқу-жаттығу алаңында қылмыскердің кейпіндегі сарбаз дөңгелектердің біріне жасырынды. Иіс сезгіш «Тайсон» атты ит қылмыскердің ізін кесіп, оқиға орнында ұстады. Сонымен қатар медиа қызметкері қатар тізіліп тұрған 10 жәшіктің біріне есірткіні салды. Әскери төбет «Кай» барлық жәшікті бір иіскегеннен-ақ есірткі затын тауып, сол сәтте сарбазға белгі берді.

5573 әскери бөлімі кинологиялық бөлімшесінің бастығы Нұрсұлтан Сәриевтің айтуынша, кинологиялық қалашықта 31 қызметтік ит бар. Олар есірткі мен жарылғыш құралдарды іздейді.

«Осыдан екі апта бұрын Астананың төңірегінен салмағы 18 келі есірткі заттарын тәркіледі. Иттер күшік кезінен үйретіліп, 8 жасқа дейін қызмет етеді. Оларға күніне дәрумендер, 2 мезгіл тамақ беріледі. 8 жыл 3 ай қызмет атқарған итті кейін әскери бөлімде болған иесі алып кетеді» дейді.

### ҚҰНАРЛЫ ТАМАҚТАНУ – САРБАЗ САУЛЫҒЫ

Медиа қызметкерлерге әскери ас мәзірінен дәм тату да бұйырды. Сарбаздардың күн сайынғы ас мәзірі арнайы электронды таблода көрсетіледі. Жақсы тамақтанған сарбаздың денсаулығы да мықты болады. Бұл жайлы азық-түлік қызметінің бастығы, майор Баубек Есетов: «Әскерилер күніне 3 мезгіл тамақтанады. Ас құрамында ағзаға қажетті дәрумендердің нақты құрамын қамтиды. Астанада бір мезетте 400 адам тамақтанады» деп мәлімдеді.

Мереке барысында Ұлттық ұланның Құрмет-қарауыл ротасының жауынгерлері саптық дефиле көрсетті. Сарбаздардың асынған дорбасы мен сыртқы сауытының салмағы таңғалдырмай қоймайды. Атап айтқанда, әскери қызмет атқару барысына, жаттығуға, шабуылға арналған киім бронжилетімен 22 келі болса, жарылғыш заттардан қорғайтын киім 32 келіні құрады. Арқасына арқан асынған әскеридің киімі таулы жерлердегі әскери қызметке лайықтап жасалған. Қарапайым арқанның салмағы 16 келі болды. Бұл киімнің ерекшелігі – құмды дауылдарға арналған шөлдесі, көзілдірігі және панама бас киімі. Броньды қалқанмен қоса алғанда, сарбаз 50 келідей

артық салмақ арқалайтын болып шықты.

### ҮНСІЗ ҰҒЫНЫСУ – ЖАУЫНГЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Дефиледен соң қару-жарақтардан көрме ұйымдастырылды. Мұнда «Глок-17» тапаншасынан бастап граната атқыштар, мерген мылтығы мен пулеметтер қойылған. «ОСВ-69» үлкен колибрлі мергендер винтовкасының аңыз екені баршаға аян. Бұл винтовканың қуаттылығы сонша, атылған оқтың 2 км қашықтықтағы автомобильдің қозғалтқышын тесе алатын күші бар. Сонымен қатар, мергендер винтовкасына арналған саунд модераторлармен таныстық. Оның дыбыс шығару жиілігі 0-ге тең. Көрмеде ұландардың қолданатын рациялары, масштабты карталары, дүрбілері, айыппұл толтыруға арналған планшеттері де көрме үстелінде тұрды. БАҚ қызметкерлері бірнеше қару-жарақты өз қолдарымен ұстап көрді. Қаруды кім жылдам бөлшектеп, қайта құрайтынын өзара сарапқа салды.

Бөлімшеде «Бүркіт» сарбаздарының жауынгерлік шеберлігіне де куә болдық. Бірінші кезекте «Француз» және «Коп» лақап атты сарбаздар жұптасып әрекет етуді көрсетті. Келесі жаттығу барысында броньды қалқанмен «үштік сап» құрып, «Қасқыр», «Аю», «Азиат» лақап атты әскерилер қалай оңтайлы жұмыс жасау керетін үйретті. Ұрыс кезіндегі басты іс-қимыл-сарбаздардың бір-біріне дайын екенін білдіріп, алма-кезек ауысып отыруы. Бұл әдіс жауға тоқтаусыз қарша боратып оқ жаудыруға мүмкіндік береді.

Пресс-тур соңында Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің шығармашылық ұжымы, Үлгілі-көрсетімді оркестрінің музыканттары әскери-патриоттық ән шырқады. Қару-жарақты жылдам әрі епті құрастыра білген қатысушылар арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

Ұлт тұтастығын сақтау – әрбір азаматтың боршы.

Әскери қызметкерлер Қазақстанның тыныштығын күзетіп, ел қауіпсіздігі үшін кірпік қақпай қызмет етуде. Ұлттың амандығы, қоғамның бүтіндігі – әскерилердің қолында. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүрген ерлерге айтар алғысымыз шексіз. Сарбаздарымызға төзімділік, шашандық, мол қажыр-қайрат тілейміз. Айбынымыз асқақтай берсін!

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің студенті



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

**Ж**иналғандар Достық үйі музейіне қойылған Ұлттық архив құжаттарын, кітап көрмесін тамашалады. Форумды ашып, жүргізіп отырған «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Журналистер күніне орай «Шын мәнінде, газет шығару және газет оқу үрдісі ешқашан үзілмеуге тиіс. Осы сабақтастықты сақтап қалу керек. Бұл – өркениетті елдердің барлығында қалыптасқан дәстүр» деп бәрімізді жігерлендіретін ой айтты. Бүгінгі форумның бір мақсаты – осы ойды салаландыру» дей келе, заман ағымы, зерде, зиялының жауапкершілігі төңірегінде ой өрбітті.

Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Қанат Ысқақов «Егемен Қазақстан» газетінің ұжымын мерейтоймен құттықтады. Басылым қызметкерлері Дина Дәуіт пен Нұрбай Елмұратты «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады. Министрліктің «Құрмет» грамотасын Қуаныш Нұрданбекұлы мен Назым Мәтенбаева, алғыс хатын Ескендір Зұлқарнайға, Жанар Нұрмағамбетоваға тапсырды.

Парламент Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын оқыды. Онда бұл бір «Егемен Қазақстан» газеті ұжымының ғана емес, тұтас ұлттық журналистикаға ортақ той екені, басылым қазақ баспасөзінің қара шаңырағына айналғаны атап өтілді. Газет тарихындағы тұғырлы тұлғалардың есімдері мен еңбегі туралы айтылды.

«Тәуелсіздікті нығайту, халықтың әлеуетін арттыру және ұлттық руханиятты дәріптеу жолында «Егемен» және егемендіктердің алар орны ерекше. Қазіргі таңда бас басылым қазақтың дүниетанымын кеңейтуге, тарих пен құндылықтарды дәріптеуге, әдебиет пен мәдениетті, білім мен ғылымды дамытуға және елдің береке-бірлігін сақтауға үлкен үлес қосып келеді. Президентіміздің кешенді реформаларының мөнін және Парламент қабылдаған заңдардың маңызын халыққа жеткізу ісінде де айрықша рөл атқарады» делінген Сенат спикерінің құттықтауында.

Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан оқып берді. Бұл құттықтауда қазақ баспасөзінде ерекше орны бар атаулы басылымның халқымыздың ғасырдан астам тарихи жолын тасқа таңбалағаны, газетте Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Турар Рысқұлов сынды көрнекті қаламгерлер мен ірі қайраткерлер қызмет еткені атап көрсетілді. «Егемен Қазақстан» қабырғасында қазақтың қаншама талантты журналистері еңбек етіп, қалыптасқаны, қаламдарын ұштап, шеберліктерін шыңдағаны, дәуір үнін, қоғам тынысын халыққа жеткізгені айтылды.

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің құттықтауын Премьер-министр баспасөз қызметінің жетекшісі Мақсат Төлегенов жеткізді. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Қаналимовтың құттықтаулары оқылды.

«Егеменнің» араласуымен шешілген өзекті мәселелердің санында шек жоқ. Қазақ газетінің қара шаңырағында қуанышты сәттер көп болып, елге сүйіншілейтін жақсы жаңалықтар, салмақты мақалалар көптеп жазыла берсін» делінген қала



## «ЕГЕМЕННІҢ» ЕЛДІК ЖОЛЫ

Кеше Астанадағы Достық үйінде «Егемен Қазақстан» газетінің 105 жылдығына арналған «Егеменнің» елдік жолы» атты мәдени-интеллектуалдық форум өтті. Жиында бас басылым тарихы, елдің қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өмірінде алатын орны, қазақ баспасөзінің бүгінгі мен болашағы ортаға салынды.

басшысының құттықтауын әкім орынбасары Есет Байкен оқып берді.

Астана мәслихатының депутаты Рабит Тәжімұратов оқыған мәслихат төрағасы Ерлан Қаналимовтың құттықтауында бас басылымның баспасөз әлемінде өзіндік дәстүрлері, шығармашылық кеңістігінде талғамды оқырманы қалыптасқаны атап өтілді.

«Ұшқын» атауымен бастау алған басылымның ұлттық идеологияны, мемлекеттік саясатты насихаттау бағытында ауқымды қызмет атқарғаны баршаңызға белгілі. Газет – мемлекетіміздің өткені мен

көніні жариялап, елдің жоғын жоқтап, ынтымағына, бірлігіне, жасампаздығына шақырып, халықты жұмылдырды. Әсіресе, ұлттық тарихымыздың, тағдырымыздың ақтаңдақ беттерін, ұлт қайраткерлеріне жасалған саяси қуғын-сүргін, ашаршылық сияқты жабық тақырыптарды жариялаудағы «Егеменнің» еңбегі өлшеусіз. Бұрынғыдай саяси-партиялық нұсқаулықпен тапсырма беріп, сол тапсырмамен жұмыс істеу тәртібі түбірімен өзгерді. Баспасөздің баһадүрі Шерхан Мұртаза ресми тәуелсіздігіміз жарияланбай тұрып, «Социалистік» деген сөзді «Егемендікке» ауысты-

қарымы ашылып, азаматтық арыны күшейгенін, сондықтан «Егеменге» қарыздар екенін атап өтті. Газетті өзі басқарған жылдардағы табыстарға тоқталды. 2000 жылы оның таралымы 38 мың болса, 2016 жылы 212 мыңға жеткенін, осы жылға қарай басылым қызметкерлерінің бірде-бірі баспанасыз қалмағанын айтты.

Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, 1995-1996 жылдары Баспасөз және бұқаралық ақпарат вице-министрі, 1996-1998 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижанұлы «Ақпараттың мемлекетшілдік



Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп «Ұлт баспасөзі: қағидаты мен тұжырымдамасы» тақырыбында сөз сөйледі.

«Қағидат біреу – Қазақстанның тәуелсіздігі, мемлекеттілігі, қазақтың елдігі, тілі, салты, дәстүрі айнамайтын темірқазық болып, ұлттық баспасөздің әр қызметкерінің көкейінде де, жүрегіңде де асыл қасиет, айқын бағдар болып қалуы керек» деген сенатор қазақ баспасөзінің бүгінгі мәселелеріне тоқталды. Оның ішінде мемлекеттік қаржыландыру, таралым мәселелері туралы айтып, баспасөздің ұрпақ тәрбиесінде алатын орны жайында айтты.

«Тіл үшін күрес – тәуелсіздік үшін күрес» дей келе, «Балдырған», «Ұлан» секілді балалар басылымдары, «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газет-

қалтқысыз қызмет етіп, дәстүр сабақтастығын жалғастырып келеді» деді Дархан Қыдырәлі.

Сенатор басылымның басқарма төрағасы болғанда атқарылған жұмыстарға тоқталып, онда пандемия, Қаңтар оқиғасы секілді күрделі кезеңдер орын алғанын, одан абыроймен өткендерін, сол уақытта халықаралық тәжірибе зерттелгенін атап өтті. Заманауи медиа қандай болуы керектігі туралы пікірін айтты.

1996-2016 жылдары аралығында «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары, бірінші орынбасары, АҚ директоры, вице-президенті, басқарма төрағасы секілді жолдардан өткен, бүгінде «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр биыл «Егеменнің» Алматыдан Астанаға көшіп келгеніне ширек ғасыр болғанын, бас басылымның Сарыарқа төсіне орнығып, кеңсе, жатақхана, тұрғын үй кешендерін салуына елорда әкімдігі үлкен қолдау көрсеткенін атап өтті. Бас қалада Қазақ баспасөзі музейін ашу керектігін айтып, «Егемен» мектебі төңірегінде ой өрбітті. «Егеменнің редакторлық, аудармашылық, журналистік шеберлік және газет безендіру тәсілдері мектептерін ғалымдар зерттеулеріне арқау етсе» деген тілегін жеткізді. Соның ішінде Жанболат Аупбаев, Жанат Елшібек сынды қаламгерлердің ерен еңбегі туралы айтты.

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметов «Егеменнің» оқырманы және авторы екенін айта келе, басылымның ел өмірінде алатын рөлі зор екенін жеткізді.

Форумның «Егеменнің» өнер алаңы бөлімінде опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай, дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқали, шертпе күй шебері, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай ән-күйден шашу шашты. Газет ардагерлерінің «Қалам қуаты» атты ой-толғам алаңы ұйымдастырылды. Басылым қызметкерлерінің кітаптарының тұсауы кесілді. Атап айтқанда, Дихан Қамзабекұлының «Арайна», Ғабит Мүсірептің «Тоғызыншы территория», Талғат Батырханның «Бозжайнақ болмыс», Бақытбек Қадырдың «Мәжусилер», Абай Аймағамбеттің «Бірте шамның жарығы», Батырхан Сәрсенханның «Белгісіз жапырақ жайлы» кітаптары таныстырылды.



бүгінгі, тарих тағылымы мен жаңа заманды да үйлестіре отырып, ұрпақтар арасын байланыстыратын баға жетпес мұра. Құрметті «Егемен Қазақстан» газеті редакциясының ұжымы! Сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз. Сіздерге шығармашылық табыс, сәттілік тілей отырып, еліміздің ақпарат саласындағы абырой мен беделдеріңіз әрдайым жоғары болуын тілеймін!» делінген елорда мәслихаты төрағасының құттықтауында.

Мемлекет және қоғам қайраткері, еліміздің тұңғыш баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі Қуаныш Сұлтанов «Тәуелсіздіктің елең-алаңындағы «Егемен Қазақстан» тақырыбында әңгіме өрбітті.

«Қазақ елі тәуелсіздік алғанда, «Егемен Қазақстан» да халық үні болып шабыттанды, бүкіл қазақ баспасөзінің көш бастаушысы болып ұлттың арманына жет-

рып, газет «Егемен Қазақстан» болып қайта түледі. «Егеменнің» шын мәнінде егемен болуына, Шерхан Мұртазаның мықты дәстүрін жалғастырып, Әбіш Кекілбаев, Нұрлан Оразалин, Уәлихан Қалижан, Сауытбек Абдрахманов, Ержұман Смайыл, Еркін Қыдыр, Дархан Қыдырәлі сияқты біздің баспасөздің көрнекті қайраткерлері қажымай, талмай еңбек етті. Дихан Қамзабекұлы осындай жақсы дәстүрді жалғады» деді Қуаныш Сұлтанов.

Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 2003-2004 жылдары Қазақстанның Ақпарат министрі, 2000-2016 жылдары аралығында «Егемен Қазақстан» газетінің президенті болған Сауытбек Абдрахманов университетті жаңа бітірген бетте аталымды басылымға қызметке қабылданып, сол арқылы қаламгерлік

негіздері» тақырыбында ой өрбітті.

«Кез келген мемлекеттік баспасөзі мемлекеттің ішкі саясатын халыққа жеткізу, түсіндіру, ұлттық құндылықтарды саралап көрсету мақсатын алдына қояды. Ата заңымызда сөз бостандығына кепілдік берілген. Демек ақпаратты ешкімнен жасыра алмайсың» деген Уәлихан Қалижанұлы тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихымызды таныту және экспансияны тойтару үшін Талас Омарбеков, Мәмбет Қойгелді, Камал Бұрханов, Берекет Кәрібаев, Бүркітбай Аяған секілді көптеген тарихшылар газет авторлығына тартылғанын айтты. Тиісті жоспар жасалып, мақалаларды кезек-кезек жариялау кестесі әзірленгенін жеткізді. Сол арқылы тарихымыз біраз түгенделгенін, ұлттық тарих арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге мән берілгенін атап өтті.

Белгілі қаламгер Парламент

тері, жалпы қазақ баспасөзінің жағдайы бірдей маз емес болып отырғанын, ұлттық баспасөздің тікелей ұлттық болашағына әсері үлкен екенін тілге тиек етті.

Парламент Сенатының депутаты, 2016-2022 жылдары «Егемен Қазақстан» АҚ басқарма төрағасы, 2022-2023 жылдары Ақпарат және қоғамдық даму министрі болған Дархан Қыдырәлі «Ақпараттық сын-қатерлер және заманауи медиа» тақырыбында ой өрбітті.

«Желтоқсан айы – біздің тарихымызда қастерлі ай. Желтоқсан айында Алаш үкіметі жарияланды, осы айда азаттықтың жаршысы Желтоқсан оқиғасы болды, тәуелсіздігіміз жарияланды. Сондай ірі оқиғаның бірі «Егеменнің» жарық көруі деп айтуға болады. 105 жыл бұрын «Қазақ» газетінің баспаханасында алғашқы саны жарық көрген газеттің ұстанымы өзгерсе де, айтары өзгерсе де, халыққа









Мейрам БАЙҒАЗИН,  
Қазақстанның құрметті  
журналисі, бұрынғы  
Конституциялық сот-  
тың баспасөз хатшысы:

## АҚЖОЛТАЙ



— Қазақ мемлекетіндегі өткір ұлт мәселесін айтатын болсақ, қазақ мемлекеті жөнінде проблема туындайды. Мұндай проблема көпшілікке ой салары анық. Бүкіл ұлтты ойландырып, толғандырған проблема бірте-бірте іс-әрекетке әкелетіні — заңдылық. Сондықтан Желтоқсан оқиғасын бейбіт сипаттағы көтеріліс деп айтуға негіз бар. Алматының орталық алаңына шыққан жастардың қолында ешқандай қару болған жоқ. Желтоқсан көтерілісін осылай атауымызға Альберт Эйнштейн институты осындай құбылысты «азаматтық көтеріліс» немесе «күш қолданбау көтерілісі» деп анықтауы себеп болып отыр. Өкінішке қарай, көтеріліс тарихшылар тарапынан да, мемлекет тарапынан да әлі күнге дейін лайықты бағасын алған жоқ. Желтоқсанның ақиқаты бүгінге дейін «жабулы қазан» күйінде қалуда.

Желтоқсан көтерілісі кеңестік отаршылдық саясатқа қарсы алғашқы көтеріліс еді. Бұдан 38 жыл бұрын ол үлкен тарихи сілкініс болды. Оны сол заманда ой елегінен өткізу оңай емес-ті. Сол кездегі жариялық демократиялық идеяға сенген қазақ жастары — қара күш иесі кеңес армиясының тепкісінде қазақтың ұлттық идеясы тапталғанына анық көз жеткізді. Бұл көтеріліс — Кеңес Одағын құрдымға кетіруге бастау болған және құрамындағы бодан халықтардың азаттық қозғалысына дем берген тарихи құбылыс. Ұлттық рухты көтеріп, тәуелсіздікке жетуімізге серпін берген оның тарихтағы орнын жоғары бағалауымыз керек. Желтоқсан көтерілісі бірнеше ғасырға созылған ұлттық идеяның тәуелсіздікке жету жолындағы жанкешті ұлт-азаттық көтерілісінің сабақтастық жалғасы және биік шыңы. Өйткені Желтоқсан бізді тәуелсіздікке жеткізді. Мұны ешқашан ұмытуға болмайды.

Қазір қазақтың тарихы ұлттық көзқараста жаңаша жазылу керек деген талап қойылуда. Ендеше Желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты бұрмаланған фактілерді қайтадан зерделеу, жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді қайта қарап, тарихи бағасын беру, желтоқсаншылардың мәртебесін анықтау сияқты мәселелерді қолға алып, бір шешімге келетін уақыт жетті. Ұлттық маңызы бар осындай мәселеде самарқалық пен салғырттыққа жол беруге болмайды.

«Уақыт керуеніне бөгет жоқ» демекші, уақыт шіркін бас бермес асаудай арындап, жүйрік желдей жүйткіп өте шығады екен. Биыл Желтоқсан көтерілісіне де 38 жыл толыпты-ау. Арада қанша жылдар өтсе де, сол күн жастарымызды баудай қиып түсірген қанды қырғынды көзі көріп, құлағы естіген біз сияқты орта буын өкілдерінің жадынан өшпек емес. Күні кешегідей көз алдымызда.

# ЖЕЛТОҚСАН ТӘЛІМІ

Сол кезде мен бұрынғы Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінде партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі едім. Бұрын бұл әжептәуір беделді жұмыс болатын. Біріншіден, бөлім бастығы обкомның бюросында бекиді, жұмыстан бюроның шешімімен алынады. Екіншіден, өзге бөлім бастықтарынан еңбекақысы сәл жоғары. Редколлегия мүшесісің. Ең кереметі — жыл сайын Алматыдағы жоғары партия мектебіне білімінді көтеру үшін бір ай оқуға барасың. Жұмыстан қолың босап, арқа-басың кеңіп, әсем астанаға барып қайтасың...

1986 жылы 15 желтоқсан күні әріптесім, «Тургайская новь» газетінде партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Рухфат Миргородский екеуміз ұшақпен Алматыға барып, партмектептегі орнымызды алып, таныстарымызбен шұрқырасып көрісіп, мәресәре болдық та қалдық. Осы жолғы курс оқуына қалалық партия комитеттерінің бірнеше хатшысы, аудандық партия комитеттерінің идеологиямен айналысатын салалық хатшылары да шақырылған екен. Торғаймен іргелес жатқан Қостанай облысының Рудный қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Болатай Асатовпен кездесіп қалып, ол сөз арасында ертең үлкен ЦК-ның пленумы болатынын айтты. Жылына пәленбай рет болатын пленум ғой, оған етіміз үйренген. «Әдеттегідей дүрілдетіп талқылаймыз, қуаттаймыз, қолдаймыз» деп ойладық. Бірақ біз қателескен екенбіз. Бұл астары бар пленум болып шықты. «Үлкен үйден» оралған Болатай түрі құп-қу болып бозарып кеткен қалпы бізге пленумда Қонаевты орнынан алып тастап, Колбин деген біреудің сайланғанын жеткізді.

Төбемізден жай түскендей аң-танбыз. «Неге? Неліктен?» деген сауалдар андыздап шыға келді. Әр жерде, әр бөлмеде күбір-күбір әңгіме басталды. Бұрын ежіл-қожыл әңгімелесіп жүретін орыс жігіттер сырғақсып, жуықтамай қойды. Әйтеуір, бір бөлмеге орналасқан жанымдағы Рухфаттан ондай оғаштық сезілмеді. Ол өзін орыспын деп есептесе де, табиғи жаратылысы жағынан аралас некеден туғаны аңғарылып тұратын. Әкесі поляк болуы керек, шешесі татар немесе башқұрт екені даусыз еді. Оның бер жағында жан дүниесі таза, адал азамат болатын.

Партмектептің ішін алып-қашпа әңгімелер Арқаның желіндей азынатып жіберді. Біреулер: «Студенттер көтеріліп жатыр» деп айтты. Енді біреулер: «Көше толған милиция, солдат» деді.

Әрине, құлақ естігенді көз көреді. Күндізгі сағат төрттің шамасында Рухфат екеуміз Сәтбаев даңғылына шықтық. Құжынаған адам. Солармен қапталдаса жүріп, ЦК-ның алдына келді. Мұнда ине шаншар бос орын жоқ. Екеуміз қақшиып сол жерде түнгі сағат 12-ге дейін тұрдық. Бас прокурор Елемесовтің жанайқайы да естідік,

Орталық Комитет басшыларының жұртшылықты сабырға шақырған әрекетін де көрдік. Қайткенмен, бұл кезде тізгін қолдан шығып кеткен. Үстіріне мұздай су шашылып, жолдастарының қолды болып жатқанын білген жастар ашу-ызаға булыққан еді. Оған аспаннан түсірілген әскерилердің студенттерді жөн-жосықсыз сабауы жағдайды түзелместей одан әрі ушықтырып жіберді. Жастардың ұсынысы дұрыс. Олар: «Қазақстанды қазақ, тіпті болмағанда қазақстан-

«Бұл дегенің — махровый национализм, пәлен-пәштуан» деп оқты дейсің. Мен қол көтеріп едім. «Сұрақты жазбаша беріндер, аты-жөндерінді қайда, қандай жұмыс істейтіндеріңді анық көрсетіндер» деп дүңк-дүңк етті.

«Мынау алаңға шыққан кешегі октябрияттар мен комсомолдар, олардың махровый национализмге қандай қатысы бар?» деген мазмұнда записка жібердім. Оны мінбеде отырғандар тегіс оқып шықты. Бірақ біреуі жауап берген жоқ.

Осы уақыт ішінде бұл Желтоқсан көтерілісі жайлы не айтылмады, не жазылмады?! Әйткенмен, осының «сыры» аяғына дейін ашылмады-ау. Соның бір парасы бас-аяғы 17 минутқа созылған пленумға да қатысты. «Кеңестік жүйеде демократиялық централизм принципі мүлде сақталмады» деуге болмайды. Ол дәті барып, дәйегімен келіскен ортада сақталды. Соған көп адамның тәуекелі жетпеді, рухы әлсіздік танытты. Мысалы, Бородиннің (Қоста-

жеңіліс тапқан. Біздің сабақ алатын бір тұсымыз — осы. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істеңдер! Сендер адасандар — арттарыңнан алаш адасады, арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар».

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді». Ендеше алауыздықтан, рухсыздықтан, жікшілдіктен ада болу қазіргі таңда өте маңызды. Бізге қазақтың басына қара бұлт үйірілгенде ел болашағы



**ЖЕЛТОҚСАНДА 8500 АДАМ ЖАЗАЛАНДЫ, 99 АДАМ СОТТАЛДЫ, 2 ҚЫРШЫН ЖАС ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ. МІНЕ, СОЛ КЕЗДЕГІ АҒА ҰРПАҚ АРАСЫНДАҒЫ ПРИНЦИПСІЗДІК-ТІҢ, РУХСЫЗДЫҚТЫҢ, АУЫЗ-БІРЛІКСІЗДІКТІҢ ӨТЕМІ**

дық басқаруы керек» дейді. Оған өктемдік пен әкімшіліктің шыңына шыққан жүйе көне ме, әскерді әкеліп төкті де жіберді. Жандары жәннатта болғыр, талай жас қыршынынан қиылды. Обалы Соломенцев, Горбачев сияқты залым шовинистерге!

Сол күні партмектептің қақпасы тарс жабылып, бізді қамап тастады. Келесі күні үлкен акт залына кілең қазақ азаматтары жинап алып, нота оқыды. Студенттердің арасына жіберіп, үгіт-насихат жасатпақшы. Біз залда, қарсы алдымыздағы мінбеде қандай тізіліп 12 адам отыр. Көбі орыстар. Арасында партмектептің ректоры Оразай Батырбеков, ОК бөлім бастығы Қуаныш Сұлтанов бар. Бір орыс:

Бізді «КазГУград»-қа алып барды. Онда жастармен сөйлестік. Әйткенмен, олардың әбден қандары қызып, беттері әрі бұрылып алған, алдау әңгімеге көнбеді.

Қоғамдық көлік жүрмейді. Жаяу-жалпылап Никольский базардың жанындағы жатақханаға жеттік. Мұнда да жоғарыдағыдай көрініс, студент-жастар әбден ширғып алған. Ал дала Петроградты алғандағы кинодағы көріністен аумайды. Қолына қалқан ұстап, басына жасқа киген милиция жасағы, жай адамша киініп алып, қолына қару ұстаған «үштіктің» қызметкерлері. Көшенің екінші бетінде студент-жастар шоғыры, олар қарусыз. Ол аз десеңіз, күректің сабымен, арматура кесіндісімен мұздай қаруланған орыс ұлтының өкілдері андыздап жүр. Жеке-дара қолға түскен жастар болса, қақ маңдайдан ұрып сұлатып салмақ. Осылардың арасынан қалай аман өткенімізге әлі күнге дейін таңғаламын. Рухфат екеуміз қас қарая партмектепке зорға жеттік. Қарын аш, тамақ ішейік деп асханаға кірсек, терезенің алдында «ұңғысы» үңірейіп БТР тұр. «Е, біткен жеріміз осы екен» деп ойладық. Рухфат та ақшыл беті сұп-сұр болып, тілі байланып тұрып қалды. Міне, саған сәулетті кеңес үкіметі, әкетайымыз. Қылып етсең, қылыштай қырып түспек.

най облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы) дәуірлеп тұрған шағында бізде адам айтса нанғысыз бір жағдай болды. Денисов ауданының коммунистері Бородиннің жіберген кадрын пленумда сайламай қойды. Пленум екі күн бойы өтті. Бородин екі күн бойы айбат шегіп, өкілдікке оркотделдің бастығын жіберсе де, пленум мүшелері бірінші хатшының жіберген адамын сайламай, өз кандидаттарын өткізді. Ал 1986 жылғы пленумда осы принципшілдік қайда қалды? Сол кезде билік басында жүрген қазақтар болды ғой (Назарбаев, Камалиденов, Ықсанов, Асқаров, Әуелбеков, т. б.). Неге тым құрығанда соның біреуі қарсы шықпады? Олар табандылық танытқанда, Колбин сайланбас еді. Ол сайланбаса, жазықсыз жастар да қырылмас еді.

Міне, тап осы жерде сол кездегі ұлт лидері болады-ау деп мақтан тұтқан тұлғаларымыздың бойында ұлттық меннің, ұлттық рухтың әлсіз болғаны бірден байқалды. Оларды кеңестік зұлмат үрейі билеген немесе «бөлікім, таңдау маған түсіп қалар» дегендей пендешілік пиғыл жеңген. Бәлкім, қызғаныштың қызыл иті араға түскен. Тарихтан белгілі, қазақ өзара қырқысқанда әрқашан біреуге жем болып,

үшін өзін құрбандыққа шалған Жұмабек Тәшеновтей ержүрек тұлғалардың игілікті ісі үлгі болғай!

Тәуелсіздік — Алланың бізге берген сыйы. Соны сақтап қалу — өте жауапты әрі шетін мәселе. Соған біз дайынбыз ба? Италиян ойшылы Никколо Макиавеллидің мынадай сөзі бар: «Ұзақ уақыт құлдықта болған халық еліне деген құштарлықтан, отансүйгіштік пен имандылықтан айырылып, жалтақ, көңгіш, тілалғыш, жағымпаз болады. Мұндай ел кездейсоқ жағдайда азаттыққа қол жеткізсе, ол еркіндікті де пайдалана алмайды». Осыны есте сақтайық.

Жағымпаздық, көнбістік, жемқорлық, мақтаншылдық бізді жегі құрттай жеп жатыр. Қоғам науқас, оны емдеу керек. Ал Жаңа Қазақстан, Әділетті Қазақстан құру идеясы дұрыс. Бірақ бұрынғыдай құрғақ сөз болып қалмай, нақты іске көшкенде ғана жүзеге аспақ.

Сыртта қашып жүрген, іште бұқпанталап тығылып жүрген біздің шаңырағымызды шайқалтқысы келетіндер де жоқ емес. Сондықтан тізгінді тежеп, мығым ұстау ләзім болмақ.

Серік ШАЙМАН,  
Қазақстанның  
құрметті журналисі





**М**ысалы, жол тазалаушылар таңғы сағат 6-дан бастап жұмысқа шығады да, бірінші ауысымда 500-ден астам жұмысшы, 8-ден бастап екінші ауысымда 400-ден астам арнайы техника көшелерді тазалауға кіріседі. Олар күн сайын қаладан мыңдаған текше метр қар мен мұз шығарады.

Мысалы, 9-ынан 10 желтоқсанға қараған түнде елордадан 786 рейспен 10 мың текше метр қар шығарылса, 10 желтоқсандағы күндізгі ауысымда қар тазалау жұмысына 2,7 мыңнан астам жол жұмысшысы және 1,1 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылған. Ал қыс мезгілінің басынан бері қаладан 74120 рейспен 941 мың текше метр қар шығарылған.

– Қар қыстың көркі болғанмен, жұмысшылардың дерті екені анық. Әдетте, біздің жұмысшылар қардың қалыңдығына, күннің суығына қарамастан жұмыс істейді. Ең алдымен, қалада кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс учаскелері тазаланады. Сондай-ақ орташа қарқындылығы бар учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. орындар қардан тазартылады. Әсіресе орталық көшелерде, жолаушылар көлігі маршруттарында, аялдамалар мен тротуарларды бірінші болып тазалау маңызды. Ал біздің жұмысшымыз, ең алдымен, саябақтағы баспалдақтарды, орындықтарды тазалау, адамдар жүретін жолдарды ашу болғандықтан, күнделікті жұмысымызды қалтқысыз атқарып келеміз. Шын мәнінде, қар тазалаудың артында қажымас еңбек түр деуге болады, – дейді «Жасыл ел» қызметкері Дінислам Шахмарданұлы.

Сондай-ақ Астана көшелерін тазалау үшін барын салатын бір ұйым болса, ол – «Астана Тазалық» мекемесінің қызметкерлері. Олар қар жауған сайын қала тазалығы үшін заманауи механикалық техникалар қолдану арқылы тынымсыз жұмыс істейді. Бұл мекеме негізі 2008 жылы 1 қазанда құрылған. Оған дейін «АстанаГорКомХоз» барлық коммуналдық мекемелердің басын біріктірген акционерлік қауымдастық ретінде қызмет етіп келген. Жазда қоқыстан, қыста қардан қаланы тазартуға бұл мекеме білек сыбана кіріседі.

– Біз қаланы санитарлық тазарту, несер, арық кәрізі, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды,

## ҚАР ТАЗАЛАУДЫҢ АРТЫНДА ҚАЖЫМАС ЕҢБЕК ТҰР

Жер бетіне жайғандай мақта кілем, қыстың көркі кіреді ақ қарымен, десек те қалаға түскен қар халықты қарбаластыққа салмаса, қуанта қоймасы анық. Дегенмен ауа райының нашарлауына, қар мен аязға қарамастан, елордалық коммуналдық қызметтер тәулік бойы күшейтілген ауысымдық режимде жұмыс жүргізеді.



қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысын жүргіземіз. Қазіргі таңда қар науқаны басталды. Биыл алғашқы қар қараша айының 7-сінен бастап түсті. Осы уақытқа дейін қаланың 5 ауданында 223 мың шаршы метр қар шығарылды. Сонымен қатар бір ауысымда «Астана Тазалық» мекемесінің 600-ден астам жол жұмысшысы және 400-ден астам арнайы техника жұмыс атқарып келді. Ал біздің қар

шығару қарқынымыз тәулігіне қардың қалыңдығына байланысты болмақ. Мысалы, қарашаның 9-13 аралығында жұмысшылар тәулігіне 6 мың шаршы метрден астам қар шығарып отырды. Сондай-ақ биыл бірнеше техникамызды жалға алдық. Оның ішінде Германиядан алып келген көпфункционалды 10 техника бар. Мұз-тайғаққа қарсы қолданатын ерітінділер сатып алдық. Тұз себуі үшін қолда-

нылатын 2 техника алынды. Қазіргі таңда бұл құралдар қала ішінде қызметте жүр. Қандай да бір техника мен құрылғыны сатып алу мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүзеге асады, – дейді «Астана Тазалық» өндірістік техника бөлімінің басшысы Ержан Айтмаханұлы.

Жалпы «Астана Тазалық» санитарлық тазалау қызметі Астана қаласы көшелерінің 40 пайызын қамтамасыз етеді.

Олардың қызметкерлері жұмыс істейтін аумақтардың қатарына қаланың маңызды деп саналатын даңғылдары мен көшелері, алаңдар мен жаяу жүргіншілер жолы кіреді.

Ержан Айтмаханұлының айтуына сүйенсек, алдағы уақытта мекеме жұмысшыларының әлеуметтік қорғалуы бойынша да арнайы іс-шаралар қабылданып жатыр. Атап айтсақ, оларға Еңбек кодексінің де қарастырылған әлеуметтік

пакеттен бөлек, 1 жыл жұмыс істеген адамның жалақысына бір айлық еңбекақы көлемінде жәрдемақы беріледі. Көзге ерекше түскен жұмысшыларға мекеме мен жергілікті әкімдік тарапынан марапаттау үзбей беріліп отырмақ. Ал 1 қарашадан бастап жол жұмысшылары мен жүргізушілерге бір мезгіл ыстық тамақ берілуде. Сондай-ақ жұмысшыларды жатақхана не тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделген.

Бетті дайындаған Шапағат ӘБДІР

## ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ҚОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында Қалибек Қуанышбаев театрының алдындағы Мұхтар Әуезовтің ескерткіші жанында қар тазалау сенбілігі өтті.

Іс-шараға Астана қаласының зиялы қауым өкілдері, орта және жоғары оқу орындарының білім алушылары қатысты. Сонымен қатар сенбілік барысында студенттерге қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат берілді.

– Бұл сенбілік – экология мәселелеріне қоғамның назарын аударумен қатар, жастарға ұлттық мәдениет пен әдеби мұра туралы маңызды ақпарат жеткізетін іс-шара. «Таза Қазақстан» деген сөз жай экологиялық ортаның тазалығы емес. Ол жан дүниенің, тілдің, рухтың, сананың тазалығын дәріптеуге жол ашады. Әркім тазалықты өзінен бастайды деп айтып жүрміз. Ендеше адамдар

сол тазалықты тілінен, әдеп-иба мінезінен бастаса, онда нағыз «Таза Қазақстан» болар едік. Елімізді қоқыспен қардан ғана емес, жемқорлық пен парақорлықтан, әділетсіздіктен де тазартсақ, біздің басты миссиямыздың орындалғаны болар еді, – деді жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Толымбек Әбдірайым.

Қалалар мен ауылдарда қар тазалау жұмысын жүргізу арқылы қоршаған табиғаттың, қала кеңістігінің тазалығы сақталатыны анық. Осыған байланысты акцияға атсалысып жүрген ерікті жастар да өз әсерімен бөлісті.

– Акция аясында біз қала тазалығынан бөлек, қазақтың біртуар жазушысы Мұхтар Әуезов туралы

кеңірек түсінікке ие болдық. Осында келген әдебиетші, ғалым ағаларымыз бізге көптеген дүниені түсіндірді. Қаламыздың тазалығын сақтауға үлес қосып жатқанымызға қуаныштымыз. Оның үстіне қар тазалау – тек коммуналдық қызметтердің жұмысы ғана емес, әр адамның азаматтық міндеті. Әрбір тұрғын өз үйінің алдындағы қарды тазалау арқылы жалпы қала тазалығына үлес қосады. Сонымен қатар қар тазалауды тек физикалық еңбек ғана емес, қоғам үшін маңызды әлеуметтік іс деп санаймын. Мұндай акцияларды ұйымдастыру – қоғамның бірігуі мен өзара көмек көрсетудің жарқын көрінісі. Өйткені адамдардың осылай бірлесіп жұмыс істеуі бізге қыс мезгілінің қиындығын жеңуге көмектеседі. Осындай ұжымдық жұмысқа қатысқан сайын өз-өзіңді жақсы сезінесің. Қардың қалыңдығы, мұздың қатуы қауіп тудырса да, біз қаладағы осындай шағын іс-шаралар арқылы оның бәрін елеусіз дүниеге айналдыра алатынымызға сенемін, –



дейді Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің 2-курс студенті Бекарыс Қалабаев.

Шын мәнінде, қар тазалау жұмысына еріктілер мен студенттердің

қосқан үлесі зор. Олардың көмегі, бір жағынан, қыс айларында қаладағы тіршілікті жеңілдетіп, екінші жағынан, қоғамда адамгершілік пен ынтымақты нығайтады.

№149-150 (4738) 14/12/2024 Сенбі

Әлеуметтік нысандардың қызмет көрсету деңгейі, сапасы қашанда өзекті. Азаматтар мүмкіндігі келгенше өз үйіне жақын жердегі емхананы таңдайды. Өйткені қандай да бір медициналық көмек қажет болса, дәрігер тез келеді. Тағы бір ескеретін нәрсе, отбасы мүшелерінің барлығы бір емдеу мекемесіне қаралғанын дұрыс көреді. Тұрғындарға қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан медициналық мекеменің бірі – Астана қаласындағы №7 қалалық емхана. Директоры – Айгүл Шалабайқызы Қуанышева.

### 83 843 АДАМҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Қалалық емхана бекітілген халыққа учаскелік-аумақтық қағидат бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсетеді. Емхана 83 843 адамды құрайтын, оның ішінде ересектер – 54 624, балалар – 25 767, жасөспірімдер 3452 бекітілген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді.

Қызмет көрсету аумағы 58 учаскені қамтиды. Емхана Интернационал, Мичурин, Қүйгенжар ауылдарының тұрғындарына қызмет көрсетеді.

– Біздің емханада барлығы 463 қызметкер жұмыс істейді. Оның 142-і – білікті дәрігер, 224-і – медицинаның орта буын қызметкерлері. Қалғаны санитарлық-техникалық қызметтерде жұмыс істейді. Бүгінгі күні біздің дәрігерлердің бір бөлігі шетелдерде, өз елімізде оқып, соңғы үлгідегі техникалармен жұмыс істеуді меңгерген. Емханада жалпы 27 бөлімше бар. Оның ішінде 23 педиатриялық, 16 терапевтік учаске, 19 жалпы практика дәрігерлерінің учаскелері бар. Емханада сыртқы кешенді бағалау және аккредиттеу комиссиясының нәтижелері бойынша 1 аккредиттеу санаты белгіленген, – дейді Айгүл Шалабайқызы.

Емханада пациенттерді қолдау қызметінің жұмысы белсенді жүргізілуде. Басты мақсат – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын қорғауды және сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Егер өзекті сұрақтар туындаса, қызмет «Шұғыл және сапалы» қағидаты бойынша жұмыс істейді.

– Бұл қызмет бойынша колл-орталығы, менеджерлер, сарапшылар жауапты. Бекітілген халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша қызметкерлермен үнемі жұмыс

жүргізілуде. Емхана қызметкерлері науқастар арасында медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша ай сайын сауалнама жүргізеді. 2024 жылдың қазан айынан бастап №7 емхананың бекітілген халқы «Egov mobile» мобильдік қосымшасының «әлеуметтік әмиян» қойындысы арқылы тегін қамтамасыз ету бойынша дәрілік заттарды алады. Азаматтар QR-кодтың көмегімен қажетті дәрі-дәрмектерді ала алады. 2024 жылдың қараша айынан бастап біздің ұйымда пациенттерді сәйкестендіру үшін цифрлық технологияларды енгізуге бағытталған Face ID биометриялық жүйесінің пилоттық жобасы басталды. Бұл жүйе пациенттің қауіпсіздігі тұрғысынан өзін дәлелдеді. Пациентті анықтау әлдеқайда жеңіл болды, сонымен қатар біздің медицина мамандары деректерді жеке куәлікпен қосымша салыстырады, – дейді Айгүл Қуанышева.

### ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЛҒЫСЫ

– Мен емханадағы 26 учаскесінің дәрігері Айнұр Алькеноваға айрықша алғысымды білдіремін! Айнұр Мұратқызының алдына барғанымызда өзінің жоғары кәсібилігін, жауапкершілігін көрсетті, дәрігер жүрегінің жылуы, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы және пациенттерге ұқыпты қарауы мен сезімталдығы үшін алғысымызды білдіргіміз келеді. Сізге шын жүректен зор денсаулық, еңбегіңізге табыс тілеймін, – дейді Алена Давыдова.

– Қалалық емхананың қызметкерлеріне, әсіресе 45 учаскенің терапевт-дәрігері, елордалық тұрғын Рауаш Қали мен медбике Әсем Байбукашеваға ерекше рақметімді жеткізім келеді. Олардың адал еңбегі үшін, бар көмегін аямағаны үшін, біліктілігі үшін алғыс айтамын, – дейді Игера есімді қыз.

– Мен 3 баланың анасымын, мен үшін балалардың саулығы өте маңызды. Емхананың балаларды емдейтін корпусына, 7 учаскесінің дәрігері Ләззат Өміраққызына және медбике



## ЖАҢҒА ДАУА СЫЙЛАҒАН...



### ОҢАЛТУДАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

Емханада емдеумен қалпына келтіру және оңалту бөлімшесі, күндізгі стационар бөлімшесі жұмыс істейді. Мұнда балалар физиотерапияның барлық спектрін – электрофорез, магниттік терапия, амплипульс терапиясы, лазерлік терапия, ультратриолет терапиясы, жаттығу терапиясы, массаж секілді түрлі процеду-

### P.S:

Әр адам денсаулығы үшін өзі жауапты. Дегенмен мемлекет бұл мәселеде қарапайым халыққа көптеген жағдайлар, ұтымды және жақсы мүмкіндіктер жасап отыр. №7 емханадағы емдеу іс-шаралары осыған дәлел. Емдеу мекемесінің алдағы уақытта медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға, инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалануға, тағы бірқатар жоғары технологиялық медициналық қызметтерді енгізуге қатысты бірз жоспарлары бар. Мақсаты – медициналық қызмет сапасын жаңа сатыға, яғни халықаралық талаптарға сай жоғары деңгейге көтеру. «Ұлт болашағы – дені сау ұрпақ» десек, елордалықтардың денсаулығын жақсартуда аянбай тер төгуге дайын.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## АСТАНАЛЫҚ ДӘРІГЕР – ЖЫЛ ҮЗДІГІ

Жыл сайын өтетін «Халықтың сүйіктісі» ұлттық байқауында елордалық дәрігер Медет Маханбет 2024 жылдың «Үздік дәрігері» номинациясын жеңіп алды.

«Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі, Президент Іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасының жоғары санатты лор-дәрігері Медет Маханбет еліміздің медицина саласына әлемнің 5 мемлекетінде ғана жасалатын ерекше әдіспен операция жасаған алғашқы хирург Қазақстанның Денсаулық сақтау саласында ерекше хирургиялық әдіс ойлап тапқан дәрігер деп танылды.



Құлаққа эндоскопиялық трансканалды операция жасау тәсілі осыдан 10 жыл бұрын алғаш рет Италияда

қолданылған. Білікті хирургтің айтуынша, бұл отаның артықшылығы көп әрі науқасқа жайлы.

«Былтыр біз осы әдісті енгізген әлемдегі алтыншы ел едік. Қазір Өзбекстан, Ресей мен Литвадағы әріптестер де қолға ала бастапты. Өйткені жаңа әдіс барлық жағынан жеңіл өтеді. Әрине, хирургтің епті, білікті болғаны дұрыс. Қазір біз ғана емес, медицинаның өзге бағытындағы дәрігерлер де эндоскоппен операция жасауға дағдыланып жатыр. Өз басым бір жарым жылда 120 операция жасап үлгердім» дейді Медет Маханбет.

Дәрігердің айтуынша, эндоскоппен жасаған алғашқы ота шамамен 2,5 сағатқа созылған. Шамамен 50 операциядан кейін мұндай операциялар 40 минутта жасай бастапты.

«Операциядан кейін науқастар «сіз маған анық операция жасадыңыз ба?» деп таңырқайды. Тіліктің, алынған

шеміршектің орны кішкентай болған соң пациенттер ауырсынбайды. Қазір жасы ұлғаюына байланысты немесе жүре келе есту қабілеті нашарлау фактісі көбейіп келеді. АҚШ ғалымдары жүргізген статистикаға сәйкес, 2035 жылға қарай есту қабілеті төмен адамдар саны 2 миллиардқа жуықтайды. Естімейтін адам қоғамнан, әлеуметтен алыстап кетеді. Кейін психологиялық қиындыққа тап болып, өмір сүру деңгейі төмендейді. Мұндай адамдардың өмірінің қысқа болу ықтималдылығы жоғары. Қазір елде құлақ ауруларының барлық түрін емдеуге мүмкіндік бар. Саңырау боп туған балаларға да сәтті операция жасалып жатыр. Медицинаға жаңашылдық әкелсек, елге пайдамыз тиіп жатса, бізге үлкен мәртебе» дейді білікті дәрігер.

«Ұстазым менің ұстазым, өзіңмен өткен қыс-жазым» демекші, әр адам көптеген ұстаздардың алдынан өтеді. Әр ұстаз өз шәкіртін біліммен сусындаруға тырысады, бірақ кейбіреулерінің ойлағанындай болмайды. Әр шәкірттің өзінің мәңгілік есте қалатын ұстаздары болады. Маған қалам ұстауды үйретіп, әдемі жазуыма үлес қосқан бастауыш сыныптағы мұғалімім Қапаш Сыздықовты және математикадан алтыншы сыныпта екі нашар баға қойып, жоғары сыныптарда математика пәніне сүйспеншілігімді арттырған Дүйсен Қожахметұлын қалай ұмытайын.

## АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІМЕН ҮНДЕС БОЛҒАН

М а т е м а т и - к а ф а д е г е н қ ұ л ш ы н ы - с ы м ы н ы ң а р қ а с ы н - да, он жетіге толмаған шағымда, бір орынға бес абитуриент таласқан кезінде Қарағанды пединститутының физмат факультетіне еш қиындықсыз түсіп кеттім. Ауыл баласы үлкен өндірістік қалада бірінші рет, көп нәрсені білмейміз. Ауыл шаруашылығы жұмысынан кейін, бірінші қазанда сабаққа кірістік. Сабақ кестесі бойынша, мұғалімдер келіп, лекциялар оқып, лабораториялық жұмыстар жүргізіп жатты. Бір күні сабақ кестесінде психология деген пән бар екен. Аудиторияға орта бойлыдан жоғары, бойына денесі сай, маңдай шашы түскен, нағыз ғалымға ұқсас, қолында портфелі бар, егде адам кіріп келді. Әрқайсымызбен жеке-жеке танысып, ол жақтан білетіндерді айтып жатты. Мысалы, Ақтоғайдан келгендерге Жарылғап пен Бектұрсынға Әліхан Бөкейханов, Әліхан Ермеков, Күләш Байсейтова аға-апаларыңды білетін шығарсындар, – деп бір қойды. Одан тереңге кетпеді. Ол өткен ғасырдың елуінші жылдарының іші болатын. Елді Хрущев басқарып, партияға қарсы дегендерді әшкерелеп, Сталиннің жеке адамға табынушылығын халыққа жариялап жатқан кез. Ол өзін Сәлкен Балаубаевтың (суретте) деп таныстырды. Өзінің өткен өмірі туралы тіс жармады. Кейін білсек, кезінде Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген. Сәлкен ұстазымыз Қазақстан ғалымдары арасындағы әйгілі тұлғаның бірі болыпты. Ол ұлттық педагогика мен психологияны дамытуға үл-



кен үлес қосқан, латын әліпбиіне негізделген қазақ грамматикасының дамуына қатысады. Қазақ психология ғылымының қалыптасуында өзіндік орны бар көрнекті психологтарымыздың бірі болған. Өз заманында психология және педагогика бойынша, қазақ тілінде оқулықтар жазған. Сәкеннің тағдыры өте қайғылы болған. 1937 жылдың қараша айында ғылыми қызметі құтпеген жерден үзіліп, жиырма жылға қамауға алынады. «Халық жауы» атанып, «Алаш» партиясының мүшелерімен байланысы бар деп айыпталып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Бізге сабақ беруге келгенде, айдаудан босап келген кезі екен. Қанша кездесіп, сөйлесек те, түрмедегі тағдыры туралы ештеңе айтпайтын. Тек бір сөзінен ғана байқадым, біздің Ақкөл ауданына қыдырып келгенінде қарағайларға қарап тұрып, неге сіздерде жіңішке, біз Тайғада бұдан екі-үш есе жуан қарағайларды араммен кесіп құлататынбыз деп, сол кез туралы бұл кісімен тағдырлас болған жазушы Шахан Мусин айтады ғой: минус 40-



50 градуста табанымыздан сыз өтіп жүріп ауыр жұмыстарды атқардық, ашқұрсақ болып жүрдік, бізді жан-жағымыздан күзетші иттері бар әскерлер бақылап отыратын. Осы ауыртпалықты, қиындықты менің кейіпкерім де басынан кешті ғой, – деп ойлаймын. Сәлкен Балаубаев ұсталғанға дейін психологиямен ғана емес, әдебиетпен де айналысқан. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ ғылымы мен әдебиеті шарықтап, даму үрдісі үдей түскен. Ол кісіден қалған жалғыз мұра қазақ тіліне аударған Р.Распенің «Мюнхгаузеннің басынан кешкен қалдері» (суретте) кітабы 1935 жылы

Алматы қаласындағы Қазақстан көркем әдебиет баспасынан шыққан. Орыс тіліне Корней Чуковский аударған кітапты қазақша сөйлеткен. Сәлкен Балаубаев суретшісі – Густав Дорэ. Бұл кітап ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы «Кітап» мұражайында сақтаулы.

Мен кітапты қолыма алып көрдім. Кітап сексен тоғыз жыл өмір сүріп тұр. Кітап екі бөлімнен тұрады: біріншісінде – 22, екіншісінде 15 әңгіме орналастырылған 101 беттік кітап – 3800 дана.

Осы кітапты т.б. сақталған шығармалары бар шығар, соларды жаңартып, қайта шығарса, дұрыс болар еді. Алаштықтармен мүдделес болған, сол үшін ғұмырының нағыз жарқын кезеңін айдауда, қиыншылықта өткізген ғалымдардың т.б. көрнекті қайраткерлерге көрсеткен жақсылығымыз сол болар еді, олардан аз ғана болса да қалған еңбектерін жаңартып, келешек ұрпаққа ұсынсақ, олардың аруағы риза болып, бүгінгілер сол ағаларының елдің болашағы үшін тағдыр кешкенін білер еді.

Қателеспесем, Сәлкен Балаубаев – Қарағанды облысы Нұра ауданындағы Шахаман (бұрынғы Первомайка) ауылының тумасы. Ол кісіні Кәрім Мыңбаев, Бүркіт Ысқақов, Мүтәш Сүлейменов т.б. зиялыларымен қатар қоюға болатын тұлға. Мүмкін, жерлестерінен бір азамат шығар, ол кісінің өмір жолдарын зерттеп, жарыққа шығаратын. Естүімше, Букпіндерге туыс болатын көрінеді. Нұралықтар бұл жерлесімен мақтана алады.

**Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,**  
**«Құрмет» орденінің иегері, білім саласының үздігі, еңбек ардагері**



## ҒАЖАЙЫП ЖАНДАР

Дүниеге келген әрбір адамның өмірі қызық оқиғаларға толы, ал Ұлы Отан соғысына қатысқан немесе сол жылдары тылда аяныбай еңбек етіп, Жеңіске қол жеткізген ардагер аталарымыз бен әжелеріміздің жанқиярлық ерлігі кез келген поэмаларға, эсселерге арқау болары сөзсіз. Солардың қатарында тыл және еңбек ардагері Қабжан Біләлов бар.

Қабжан ақсақал 1934 жылы Қарағанды облысының Шарықты ауылында өте білімді, өнегелі жанұяда дүниеге келген. Әкесі Біләлді 1937 жылы аудандық комитетте қызмет істеп жүрген жерінен ұстап әкетеді. Адал адам жазықсыздан жазықсыз сталиндік зұлымдықтың құрбаны болып, ату жазасына кесіледі. Бұл кезде Қабжан ақсақал үш жастағы бала болатын. Сол жылдардан бастап Қабжан ақсақал 1957 жылға дейін, әкесі ақталғанша «Халық жауының ұлы» деген жүректі жаралайтын, жанға ауыр тиетін атақпен өмір кешеді. Қиын-қыстау жылдардан енді ғана бас көтере бастағанда, соғыс оты жарқ етті. Әскерге кеткен үлкендердің орнын белі әлі бекімеген Қабжан ақсақал сияқты жасөспірімдер басты. Әкесі жоқ жетім бала анасының қамқоршысы бола білді. Ерте есейіп, анасы Рымкеш Сыздықовамен бірге колхозда таң атқаннан күн батқанға дейін еңбек етті.

Қабжан ақсақалдың балалық шағы осындай қиындықтарымен есте қалыпты. Бұған қоса ол өзінің көп оқи алмағанына өкінеді. Өзі мектепке баратын шағында анасымен Жауғашар деген елді мекенде тұрыпты. Мектеп болса жиырма шақырым жердегі Қызылшілік ауылында болса керек. Сол жаққа балалар өгізбен барып оқып жүріпті. Қарағанды аймағының ауа райы құбылмалы, аязы мен суық желі бас көтертпейді. Табиғаттың осындай ерекшелігінен мектепке жеткенше талай қиындықтарға ұшырап қалатын көрінеді. Осындай қиындықтардан кейін Қабжан ақсақал төменгі сыныпты әрең бітіріп, оқуын жалғай алмай қалады. Кәметтік жасқа толған кезінде Ленин атындағы колхоздан

Қоянды машина-трактор станциясына оқуға жолдана алады. Оқуын бітіріп, тың және тыңайған жерлерді игеруге етене қатысып, механизатор болып еңбек етеді.

1961 жылдары Ленин атындағы колхоз Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданына қарасты «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозының құрамына өтеді. Сол кездері Қабжан ақсақал өзі жақсы білетін мал шаруашылығына ауысады. Өзі шопан-бақташы болып, жұбайы Қапиза Құсайынова көмекшісі болып бір табын сиырды өз қарамағына алып, Шөптікөл бөлімшесінің Қанай қыстағында тіршілігін жалғап кетеді. Мұнда жолсар бойынша 100 сиырдан 70 бұзау алу қажет болса, еңбекқор атамыз 100 сиырдан 90-94 төл беріп отырыпты. Сол жылдары бұл үлкен көрсеткіш еді. Ол талай рет озат бақташы атанып, суреті «Құрмет тақтасында» үзбей ілініп тұрған. Осындай еңбегінің арқасында ақсақал Қазақстан коммунистік партиясы қатарына өтіп, 30 жыл мүше болған екен.

Ақсақалдың соғыс жылдарындағы тылдағы еңбегі ескеріліп, «1941-1945 жылдардағы ҰОС тылдағы жанқиярлық еңбегі үшін», одан кейін 1960-75 жылдардағы мерекелі медальдармен марапатталған. Бұған қоса «Ерен еңбегі мен бағылдығы үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» және «Тыңға 50 жыл» медальдары тағы бар. Ардагерлердің Республикалық бірлестігінің «Құрмет» төсбелгісі де ақсақалдың кеудесінде жарқырап тұр.

Зейнет жасына шыққаннан кейін балаларының қасына Қарағандыға көшіп келеді. Ал 2012 жылы Астана қаласында тұратын баласының қолына келіп, немерелерімен бақытты өмір сүріп жатқан жайлары бар. Соған қарамастан

көпшілікке үйренген, үйлерінен адам үзілмеген ақсақал мен әжей туған ауылдарының адамдарынан әлі күнге дейін қол үзбеген.

Қабжан ақсақал мен Қапиза әжей 1954 жылы атамыздың туған күнінде шаңырақ көтеріпті. Биыл 2024 жылдың 12 желтоқсанында атамыз 90 жасқа келсе, олардың отау құрғандарына 70 жыл толыпты. Ал бүгінде тоғыз балаларының қуанышына бөленіп келеді. Ақсақалдың балаларының тәрбиелі болып өсуіне шаңырақ иесі мен жұртқа сыйлы әжейдің тату-тәтті өмірі мен өнегелі еңбектері әсер еткені айтпаса да көрініп тұр. Жарын аялап, балаларын күтіп, немерелеріне қуанып, шөберелерін еркелетіп отырған Қапиза әжей бір әулеттің шаңырағын мықтап ұстап отырғаны айқын байқалады. Өніп-өскен ұрпағының үлкендері берген тәрбие балаларының бойынан айқын көрініп тұр. Татулықтары жарасқан жандардың берекелі өмірі кімді болса да қызықтырады.

Қабжан Біләлов ақсақалдың туған күнінде Астана қаласы Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі аудан әкімшілігімен бірлесіп, ақсақалды мерекелі туған күнімен және жұбайы Қапиза әжеймен бірге қол ұстасып, шаңырақ көтергендеріне 70 жыл толуымен құттықтады. Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин мен Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Абдраимов Қабжан ақсақалға және Қапиза әжейге сый-сыяпаттарын жасап, ол кісілердің үлкен жанұяны қанаттандырып өсіргендері үшін алғысын айтты.

**Баянды ӘЛПИ,**  
**журналист, жазушы,**  
**Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің мүшесі**

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРЕДІ

Елордадағы сервис және туризм колледжінде «Таза Қазақстан» жобасы аясында оқу бағдарламалары жаңартылып, экологиялық білім тереңдетіліп оқытылуда. Оқу бағдарламалары экологиялық білімді арттыру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға бағытталады.

«Таза Қазақстан» жобасы еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуды мақсат етеді. Колледж студенттері өз тарапынан табиғатқа ұқыпты қарауды, аялауды үйренеді. Колледжде білім алған студенттер болашақта еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға үлкен үлес қосып, кәсіби мамандарға айналады деп сенеміз» дейді колледж директоры Салтанат Қайратқызы.

Жалпы колледжде орман шаруашылығы, ландшафттық дизайн, бақ-сай-

бақ және гүл дақылдарын өсіру мамандықтары бойынша 131 студент білім алады.

Сондай-ақ «Таза Қазақстан» жобасы аясын-

да студенттермен бірнеше маңызды ғылыми жоба мен әлеуметтік бағамға жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Жабық типтегі жылыжайлар

да қолданылатын көкөністерді зерттеу және өсіру», «Ағаштардың дендрологиялық қасиеттерін зерттеу», «Өсімдіктердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу әдістері», екінші бағытта «Бақшадан – ас үстеліне», «Қалдыққа екінші өмір сыйла» әлеуметтік жобалары жүргізіліп келеді. Аталған жобалардың бәрі студенттердің экологиялық сауаттылығын арттыруға және оларды табиғатты қорғау, экологиялық тұрмыстық дағдыларды меңгеру бағытында тәрбиелейді.





Сарыарқа ауданында 12 сырғанақ пен 4 мұз айдынын жабдықтау жоспарланып отыр. Осыған сәйкес қалалық аялда үлкен сырғанақ пен мұз айдыны, сондай-ақ мерекелік фотосурет түсіруге арналған қолайлы тақырыптық фотоаймақтар мен табиғи шырша орнатылса, Бөгенбай батыр даңғылы, 43 бойындағы саябақта табиғи шырша маңында орналасқан отбасылық мұз айдыны, ал «Көктал» саябағында түрлі жастағы адамдарға арналған екі сырғанақ, сонымен қатар жаппай сырғанауға арналған үлкен мұз айдыны, Есіл өзенінің жағалауында да түрлі деңгейдегі 8 сырғанақ және өзеннің үстіндегі мұз айдыны болады.

Байқоңыр ауданы бойынша «Жастар» сарайы (Республика даңғылы, 34) аумағында мұз айдыны, сырғанақ жабдықтау және жаңа жылдық шырша орнатылады. Ж.Төшев көшесіндегі К.Ататүрік атындағы саябақта мұз айдыны мен сырғанақ, «Жазушылар аллеясы» – осы учаскеде сырғанақ жабдықтау, шыршалар, жаңа жылдық инсталляциялар мен шағын архитектуралық нысандар орнатылмақ. Сонымен бірге «Өндіріс» тұрғын алабында (Ақбидай мен Кемеңгерұлы көшелерінің қиылысы) және «Қирпичный» тұрғын алабында (Чехов және Жолымбет көшелерінің қиылысы) мұз айдыны мен сырғанақ ашылады. Ал «Қазқалашық» тұрғын алабында биіктігі 2 метр сырғанақ және 6 метрлік шырша орнатылса, «СМП» елді мекенінде – биіктігі 2 метр сырғанақ және 6 метрлік шырша қойылады. «Қоянды» саяжай алабында биіктігі 4 метр сырғанақ, сондай-ақ бес метрлік шырша, «Целинный» шағын ауданындағы Жұбанов көшесі, 3, 3/1, 3/2 аулаларының аумағында үлкен мұз айдыны ашылса, Республика даңғылында және Ж.Төшев көшесінде жаңа жылдық жарықтандырулар ілінеді.

Есіл ауданында дәстүрлі түрде ЭКСПО аумағында мұз айдыны, сырғанақтар және шырша орнатылады. Сондай-ақ сырғанақ «Пригородный» тұрғын алабында да ашылады, ал жаңа жылдық шыршалар Түркістан көшесі жағындағы Ботаникалық бақ, Қабанбай батыр даңғылындағы көпір астындағы алаң, «Пригородный» тұрғын алабында (Арсай-Жаңадария көшелерінің қиылысы) және Достық көшесі мен Нұржол бульварының қиылысындағы жаңа аялда безендіріледі.

Ал Алматы және Сарайшық аудандары бойынша «Қазақ елі» монументінің алаңында 2 мұз

## ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ – СЫРҒАНАҚ

Алдағы уақытта Астана тұрғындары мен қонақтарын көптеген ойын-сауық түрлері күтіп тұр. Олардың қатарында мұз айдындары, шағын архитектуралық нысандар, фотоаймақтар және тағы басқалар бар. Осындай 60-қа жуық орын қаланың 6 ауданында ашылады және қыс бойы жұмыс істейді.



айдыны, сырғанақ және жаңа жылдық шырша ашылады. Аяланың аумағы шағын архитектуралық нысандармен, жарық-люминациялық паннолармен безендірілетін болады. Тәуелсіздік даңғылындағы Оқушылар сарайының жанында слайдтар, шыршалар, шағын архитектуралық нысандар, фотоаймақ және мұз айдыны орнатылады.

«Триатлон» саябағында мұз айдыны мен сырғанақ ашу жоспарланып отыр. Ал Sana Sport спорт кешенінің аумағында мұз айдыны, шырша және шағын архитектуралық нысандар орнатылады. Тағы 4 сырғанақ «Теміржолшылар», «Өнеркәсіп», «Интернациональный» және «Күйгенжар» тұрғын алаптарында пайда болады.

Нұра ауданында арнайы тақырыптағы шағын сәулет нысандары орнатылады, фотоаймақтар безендіріліп, жеті сырғанақ пен жеті мұз айдыны ашылады.

Сонымен қатар 14 желтоқсанда сағат мұнарасынан (Тұран даңғылы жағындағы Орталық саябақтың аумағы) басталатын 290 метрлік желілік мұз айдыны ашылады. Мұз айдынының өзінен бөлек, саябақта шырша мен тақырыптық қондырғылар, сондай-ақ жәрмеңкелерге арналған сауда павильондары және т.б. болады.

«Астана Арена» стадионының маңында екі мұз айдыны мен бір сырғанақ орнатылады. Сол сияқты үлкен мұз айдыны мен сырғанақ «Зеленый квартал» тұрғын үй кешенінің жанында ашылады. «Жағалау» гүлзарында сырғанақ орналасады, Үркер елді мекенінде сырғанақ пен мұз айдыны салынады. Бұдан бөлек, «Ғашықтар» саябағының аумағында, «Зеленый квартал» ТК жанында және Қабанбай батыр даңғылы мен Қорғалжын тас жолының қиылысында жаңа жылдық фотоаймақтар ашылады.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



ҚОҢЫР ҮНДІ АМАНАТ

14 желтоқсан 17:00

Астана филармония



ӘН САЛАЙЫҚ БӘРІМІЗ

14 желтоқсан 17:00

Астана филармония



«ТАНАКӨЗ»

15,16 желтоқсан 18:00


Мәмбетов театры



ДАРХАН ДАЛА

16 желтоқсан 17:00

Astana Opera



ПАРАСАТ МАЙДАНЫ

16 желтоқсан 18:00

Қуанышбаев театры



ӘН МЕН ӘНШІ

17 желтоқсан 19:00

Астана филармония